

ДӘРИСТЕР КОНСПЕКТИСІ

1-тақырып. Қазіргі халықаралық құқық құқықтың ерекше жүйесі ретінде және оның мазмұны.

Сабақтың мақсаты мен міндеті: жалпы студенттерге құқық жүйесінде халықаралық құқықтың алатын орны туралы түсініктерін қалыптастыру,

Негізгі сұрақтар:

1. Халықаралық құқық және халықаралық қатынас, олардың арасындағы байланыс және бір – бірімен қарым – қатынасы туралы мағлұмат беру.
2. Халықаралық қатынас және халықаралық құқық. Халықаралық құқық және халықаралық қатынас, олардың арасындағы байланыс және бір – бірімен қарым – қатынасы.
3. Халықаралық құқық халықаралық қатынастарды реттеуші заңды нормалардың жиынтығы ретінде.
4. Халықаралық құқық құқықтың ерекше жүйесі ретінде.
5. Субъектілердің ерекшеліктері, нормаларды жүзеге асыру және қалыптастыру процессі, сонымен қатар оны қамтамасыз ету тәсілдері. Халықаралық – құқықтың мәжбүрлеу шаралары.

Халықаралық құқық – мемлекеттер арасындағы әр түрлі саяси, экономикалық және өзге де қатынастарды, сондай-ақ халықаралық қатынастарға қатысушы басқа да құрылымдарды реттейтін құқықтың бір бөлімі. Ол құқықтың ерекше жүйесі ғана емес, ішкі мемлекеттік құқықтың барлық өзге салаларынан едәуір айырмашылығы бар. Халықаралық құқық халықаралық қатынастарды реттейтін шарттық және нормалар мен қағидалар жүйесін және мемлекеттің салыстырмалы келісілген еркін көрсетеді.

Халықаралық құқықты ұстану халықаралық құқықтың шебері мен нысандарында мемлекеттің жеке, сондай-ақ ұжымдық шаралар арқылы қамтамасыз етіледі.

Құқыққа берілетін анықтама халықаралық құқықты да қамтиды, тек анықтаманың әрбір белгілерінің халықаралық құқықта өзіндік ерекшеліктері болуы керек. Мәселен, халықаралық құқыққа әдеттегі құқықтың белгілері тән болып келеді: мемлекеттік-еріктік сипаттағы құбылыс; белгілі бір қоғамдық қатынастарды заң нормалары реттейді; мәжбүрлеу арқылы; халықаралық құқықтық нормаларды ұстануды қамтамасыз етеді. Сөйте тұра, халықаралық құқықтың өзіне тән ерекшеліктері бар.

Реттеу пәні. Халықаралық құқық өзінің генетикалық және мәні жағынан мемлекетпен байланысты болғанына қарамастан, жеке бір мемлекеттің құқығы болып есептелмейді, сондай-ақ мемлекеттегі жоғары құқық болып та табылмайды. Ол мемлекеттердің өзара қатынасын бекітуші және қамтамасыз етуші мемлекетаралық құқық болып табылады.

Мұндай қатынас белгілі болғанындай, мемлекеттер арасындағы саяси, экономикалық және өзге де қатынастарды жанап өтеді, олар өздерінің таптық табиғатына, саяси сипатына, ішкі құрылымдарына, аумағының құрамына, халқының санына қарай әр түрлі болады. Халықаралық құқықтың пәнін

халықаралық құқықтық қатынастардан айыра білу қажет. Халықаралық-құқықтық қатынастардың объектісі – бұл халықаралық қатынастың жалпыға белгілі қағидалары мен нормаларының негізінде құқық субъектілерінің өзара құқықтық қатынастарға түсуі. Объектілердің 3 түрі бар: аумақ, әрекет және әрекет етуден тартыну. Мәселен, аумақ объект ретінде өте көп қолданылады, әсіресе әскери сипаттағы мәселелерде. Ал әрекет мемлекеттердің арасындағы әр түрлі құқықтық қатынастардың объектісі ретінде көрінеді: бейтараптық мәселелері, соғыс жүргізу заңы мен салттары соңғы объектінің түрлеріне жатады. Халықаралық құқықтың объектісі халықаралық құқықтың қағидалары мен нормаларына қайшы келмеуі тиіс.

Халықаралық ынтымақтастық аясы кеңейген сайын объектілер аумағы да кеңейе береді. Мысалы, осы заманғы спутниктік байланыс құқығы атом энергиясын бейбіт мақсаттарды пайдалану, құрлық ішіндегі мемлекеттердің мәртебесі жаңа объектілер жүйесін қалыптастырады.

Халықаралық құқық ішкі мемлекеттік құқықтан құқықтық нормаларды қамтамасыз ету әдістеріне қарай ерекшеленеді. Құқық субъектілерінің еріктерін келістіру мен халықаралық құқықтық мәжбүрлеуді де қолданады. Ол ұжымдық сипатта да, жеке сипатта да болуы мүмкін.

Халықаралық құқық нормасы мемлекеттер арасындағы келісім процесіне орнай бастайды. Басқаша айтқанда, халықаралық құқық құқықтың барлық басқа салалары мен жүйелерінен «келісімді сипатының» болуы арқылы ерекшеленеді. Осындай қысқаша сипаттамамен халықаралық құқықтың негізгі ерекшелігін аз да болса нақтырақ көрсетіп беруге болады.

Егер ішкі мемлекеттік құқықтың барлық салаларында субъектілер ретінде, яғни құқықтар мен міндеттемелерді иемденушілер жеке және заңды тұлғалар болса, халықаралық құқықта субъектілер екі топқа бөлінеді: 1-топ – негізгі субъектілер: а) тәуелсіз мемлекеттер; ә) өз тәуелсіздіктері үшін күресуші ұлттар мен халықтар; 2-топ – қосымша субъектілер: а) халықаралық ұйымдар; ә) мемлекетке ұқсас құрылымдар.

Халықаралық құқықтың соңғы жылдардағы дамуынан индивидтің халықаралық құқықтың субъективтілік теориясы көпшілік алдында таныла бастады.

Халықаралық құқық нормасының құрылу тәсілі оның елеулі ерекшелігі болып табылады. Ішкі мемлекеттік құқықты мемлекеттің арнайы органымен құрады және ол ұлттық құқықтың тікелей субъектілерінен басым тұрады. Ал халықаралық құқықты норманың пайда болу процесі өзгешелеу. Халықаралық құқықтың нормаларын жасау тәсілі мемлекеттердің еріктерінің сәйкесу теориясы – бұл процестің арқауы болады. Осы теория, халықаралық құқықтың көрнекі тұлғасы Г.И.Тункиннің еңбектерінде терең зерттелген және ол теория мен тәжірибенің негізі болып есептеледі.

Осы теорияға сәйкес, шарттық және жай халықаралық норма мемлекеттердің өзара келісуінің негізінде жасалады және олардың мүдделерінің келісілуі нәтижесінде пайда болады. Халықаралық құқықтық норма екі және бірнеше немесе көптеген мемлекеттердің еркінің сәйкесу жолымен пайда болады. Мұндай келісім нені көрсетуі мүмкін? Ішкі

мемлекеттік құқық нормасының нақты күшінің негізі болып табылатын келісім, екі және бірнеше немесе көптеген мемлекеттердің ерекшеліктері сәйкесуінің нәтижесі. Бұл заңдық аспект болып табылады. Халықаралық қарым-қатынас қатысушыларының маңызды және жалпы ережелері болғандықтан, халықаралық құқыққа негізгі қағидалардың ерекше жүйесі тән.

Халықаралық құқықтың негізгі қағидалары халықаралық қатынастардың және халықаралық құқықтың осы заманғы жүйесінің маңызды заңдылықтарын көрсетеді. Қағидалар жүйесіне мынадай сипаттар тән: 1) әмбебаптық; 2) көпшілік мойындағандық; 3) жалпыға міндеттілік; 4) тұрақтылық.

Бұл жағдай оларды халықаралық құқық жүйесіндегі орны мен құрылымның ерекшеліктерін айқын көрсетеді. Егер «жалпы халықаралық құқықтың императивтік нормасы норма болып есептелсе, мемлекеттердің халықаралық бірлестігі оны толық қабылдайды және мойындайды. Сөйтіп негізгі қағидалар құқықтық нысан ретінде ресімделеді ...» БҰҰ жарғысының 2-бабында негізгі қағидалар мен оларды қамтамасыз ету шаралары айқындалған. Мұнан басқа, негізгі қағидалар мазмұны 1970ж. халықаралық құқықтардың қағидалары туралы Декларацияда ашып көрсетілген. Ал 1975ж. Хельсинкидегі кеңес негізгі қағидалар мәні Еуропа Одағымен ынтымақтастық және қауіпсіздік жөніндегі кеңестің қорытында актісінде әрі қарай дамытылған. Негізгі қағиданың нақтылығы мемлекеттің шарттық тәжірибесінде бар. Мәселен, 1994ж. 15 сәуірдегі ТМД қатысушы мемлекеттердің тәуелсіздікті сақтау аумақтың тұтастығы және шекараларға қол сұқпау туралы Декларациясын ҚР мен АҚШ арасындағы 1994ж. 14 ақпандағы декларациялық әріптестік туралы Хартия; 1994ж. 23 наурыздағы ҚР мен Испания корольдігі арасындағы өзара қатынастардың негізі туралы Декларацияны айтуға болады.

Қағидалар жүйесінде бейбіт қатар өмір сүру қағидасы біздің көзқарасымыз бойынша жалпылама сипатқа ие. Бейбітшілік пен халықаралық қауіпсіздікті қолдау негіздерін сипаттайтын қағидаларға мыналар жатады: аумақтық тұрақтылық қағидасы; күш қолдану және күш қолданамын деп қоқан-лоққы жасау тыйым сала отырып, пайда болған халықаралық дауларды бейбіт түрде шешу қағидасы; шекаралардың мызғымастығы қағидасы. Халықаралық ынтымақтастық қағидасы, біріншіден, мемлекеттердің тәуелсіз теңдіктерімен; екіншіден, ішкі істерге қол сұқпаушылық; үшіншіден, мемлекеттердің түрлі салаларды ынтымақтасуымен; төртіншіден, мемлекеттік тәуелсіздікті құрметтеуімен; бесіншіден, өздеріне жүктелген міндеттерді адал орындаумен сипатталады.

Адам құқықтарын қорғау тетігін анықтау үшін адам құқықтары мен негізгі бстандықтарын құрметтеу қағидасын, халықтар мен ұлттардың өзін-өзі билеу қағидасы сияқты қағиданың маңызы зор.

Халықаралық жалпы құқықтың арнаулы белгілерін анықтай отырып оны қайнар көздерінің жүйесіне халықаралық, жария құқықтың субъектілік

құрамына, жауапкершілік институтының еркшелігіне арнайы тоқталып өту қажет.

Бұл мәселелер дәрістер курсының жеке тарауларында қарастырылатын болады. Сөйтіп, халықаралық құқыққа құқықтың барлық негізгі белгілері тән, олар:

- 1) Құқық – бұл мемлекеттің еркіне тән құбылыс;
- 2) Қоғамдық қатынастарды реттейтін заң нормаларының жүйесі;
- 3) Тәртіп стандартын ұстану үшін мемлекеттік мәжбүрлеуді қолдану.

Дегенмен, халықаралық құқықтың өзіндік белгілері де бар, сол арқылы халықаралық құқықты құқықтың ерекше жүйесіне жатқызуға мүмкіндік туады. Мұндай ерекшеліктерге мыналар жатады:

- 1) Реттеу пәні;
- 2) Ерекше субъективтік құрам, атап айтқанда тәуелсіз мемлекеттің болуы;
- 3) Қайнар көздерінің ерекше халықаралық құқықтағы норма құру процесінің нәтижесі болып табылады;
- 4) Заң шығару, атқарушы және сот органдары жүйесінің болмауы;
- 5) Жауапкершілік институты.

Халықаралық жария құқық – бұл құқық субъектілерінің еріктерін үйлестіру жолымен жасалатын, әрі заңдық тұрғыдан міндетті деп танылатын және қажетті жағдайларда мәжбүрлеу жолымен қамтамасыз етілетін заң нормаларының жүйесі.

Бақылау сұрақтары:

1. Халықаралық құқық және халықаралық қатынас, олардың арасындағы байланыс және бір – бірімен қарым – қатынасы.
2. Халықаралық құқық халықаралық қатынастарды реттеуші заңды нормалардың жиынтығы ретінде не болып табылады?
3. Халықаралық құқық құқықтың ерекше жүйесі ретінде дәлелдей аласызба?.
4. Халықаралық – құқықтың мәжбүрлеу шаралары қандай?

Әдебиеттер:

1. Баскин Ю. Фельдман Д.И. История международного права. – М. 2004. – 207с.
2. Бельсон Я.М. Интерпол в борьбе с преступностью. М., Наука. 2009. 239с.
3. Боярс Ю.Р. Вопросы гражданства в международном праве. М., Международные отношения. 2007. -160с.

2-тақырып. Халықаралық – құқықтық ғылым және халықаралық құқықтың тарихы.

Сабақтың мақсаты мен міндеті: сабақ барысында халықаралық – құқықтық ғылымның даму тарихымен қазіргі кездегі жағдайымен таныстырып, өту, тарихи кезеңдеріне сипаттама беру.

Негізгі сұрақтар:

1. Халықаралық құқықтың қалыптасуы және оның тарихының кезеңдері. Регионализм.
2. Ежелгі дүниедегі халықаралық құқықтың негізгі институттары. Ежелгі ойшылдардың халықаралық құқық мәселелері туралы айтқан ой – пікірлері.
3. Орта ғасырлардағы халықаралық құқық. Халықаралық құқықтың негізгі институттары. Осы дәуірдің халықаралық – құқықтық көзқарастары.
4. Қазақстандағы халықаралық құқықтың дамуы. Қазақстанның тәуелсіздігі және халықаралық құқық, халықаралық – құқықтық ілімнің Қазақстанда пайда болуы және дамуы.

Халықаралық құқық адамзат қоғамы дамуының әр түрлі сатыларында түрлі роль атқарған. Белгілі халықаралық заңгерлердің бірі Ф.Лист халықаралық құқықтың көбіне аяқ асты болып келгенін атап көрсеткен. Алайда мемлекеттер және халықаралық қатынастың басқа субъектілері халықаралық жария құқық нормаларының міндетті күшін жоққа шығара алмайды.

Қазіргі күнге дейін халықаралық құқық қашан пайда болды деген қағидалы мәселе шешілмейді. И.И.Лукашук халықаралық құқық ғылыммында қалыптасқан негізгі жауаптың үш түрін белгілейді:

6. халықаралық құқық тайпаралық қатынастар тұсында пайда болды;
7. халықаралық құқық мемлекетпен бірге пайда болды;
8. халықаралық құқық Еуропада тәуелсіз мемлекеттер жүйесі қалыптасқан кезде, орта ғасырдың аяғында пайда болды.

Халықаралық құқықтың басты қызметі – оның мемлекетаралық қатынасының негізгі қатысушылары мен арақатынасынан көрінеді. Мұнда құқықтық қатынас субъектілері түрлі құралдарды қолдануы мүмкін.

Халықаралық құқық нормаларымен мемлекеттердің тәуелсіздік құқықтарын құрметтеу мемлекеттер арасындағы сапалы өзара қатынастардың негізгі алғышарты болып табылады. Халықаралық құқық нормалары халықаралық қатынастардың пайда болуынан туындайды. Халықаралық қатынастарды халықаралық құқық реттеп отырады, сонымен бірге оның нормаларына өзінің әсерін тигізеді. Халықаралық құқық кез келген қоғам өмірінде маңызды орынға ие болатын жан – жақты және дамыған халықаралық қатынастарды реттейді. Халықаралық қатынастар халықаралық құқық нормаларының мазмұнын айқындайды.

Жеке зерттеулерді қажет ететін іргелі проблемаларға ең бірінші халықаралық жүйедегі халықаралық құқық пен халықаралық қатынастардың орны туралы проблеманы жатқызуға болады. Мәселен, халықаралық қатынастарды маңызды және анықтаушы деп есептейді, оларды жүйе ретінде қарастырады.

Халықаралық құқық тар мағынасында алғанда мыналарды: біріншіден, мемлекеттер мен мемлекет тәріздес құрылымдары; екіншіден, өз тәуелсіздіктері үшін күресуші халықтар мен ұлттардың, мемлекеттік құрылымдардың орнығу процесін; үшіншіден, халықаралық ұйымдарды;

төртіншіден, мемлекеттер тобын; бесіншіден, осы белгілердің арасындағы байланысты білдіреді.

Жоғарыда аталғандардан басқа, халылықаралық жүйенің құрамына сондай-ақ халықаралық қатынастарда әрекет ететін халықаралық – құқықтық және өзге де әлеуметтік нормалар кіреді. Халықаралық жүйеге айқын тұтастық, басқа компоненттерден салыстырмалы оқшаулық сипаты тән. Халықаралық жүйенің ерекшелігі – оның негізгі белгісі, мемлекеттің біріншіден, халықаралық жүйенің бір бөлігі болып табылатындығы, екіншіден, одан тыс та өмір сүре алатындығы.

Сонымен, халықаралық құқықтың даму және қызмет ету проблемаларын айқындағанда, осы заманғы халықаралық қатынастардың ерекшелігін, халықаралық жүйе ұғымы мен компоненттерін анықтауға тура келеді.

Жоғарыда аталғандарды ескере отырып, халықаралық қатынастар ұғымы мен олардың құқықтық табиғаты туралы жалпы қорытынды жасауға болады.

Халықаралық қатынастар – бұл мемлекеттер арасындағы саяси, экономикалық, құқықтық, дипломатиялық, әскери, мәдени, ғылыми, идеологиялық және өзге де байланыстар жүйесі.

Халықаралық қатынастарға мемлекеттер арасындағы өзара ынтымақтастықты нығайту және кеңейту, халықаралық ұйымдар ролінің артуы, бейбітшілік пен халықаралық қауіпсіздіктің жаңа проблемаларының туындауы, ядролық соғыстың алдын алу, халықаралық құқық ролінің өсуі сияқты сипаттар тән.

Халықаралық құқық нормаларымен мемлекеттердің тәуелсіздік құқықтарын құрметтеу мемлекеттер арасындағы сапалы өзара қатынастардың негізгі алғышарты болып табылады. Халықаралық құқық нормалары халықаралық қатынастардың пайда болуынан туындайды. Халықаралық қатынастарды халықаралық құқық реттеп отырады, сонымен бірге оның нормаларына өзінің әсерін тигізеді. Халықаралық құқық кез келген қоғам өмірінде маңызды орынға ие болатын жан – жақты және дамыған халықаралық қатынастарды реттейді. Халықаралық қатынастар халықаралық құқық нормаларының мазмұнын айқындайды.

Жеке зерттеулерді қажет ететін іргелі проблемаларға ең бірінші халықаралық жүйедегі халықаралық құқық пен халықаралық қатынастардың орны туралы проблеманы жатқызуға болады. Мәселен, халықаралық қатынастарды маңызды және анықтаушы деп есептейді, оларды жүйе ретінде қарастырады.

Халықаралық құқық тар мағынасында алғанда мыналарды: біріншіден, мемлекеттер мен мемлекет тәріздес құрылымдары; екіншіден, өз тәуелсіздіктері үшін күресуші халықтар мен ұлттардың, мемлекеттік құрылымдардың орнығу процесін; үшіншіден, халықаралық ұйымдарды; төртіншіден, мемлекеттер тобын; бесіншіден, осы белгілердің арасындағы байланысты білдіреді.

Жоғарыда аталғандардан басқа, халылықаралық жүйенің құрамына сондай-ақ халықаралық қатынастарда әрекет ететін халықаралық – құқықтық және өзге де әлеуметтік нормалар кіреді. Халықаралық жүйеге айқын

тұтастық, басқа компоненттерден салыстырмалы оқшаулық сипаты тән. Халықаралық жүйенің ерекшелігі – оның негізгі белгісі, мемлекеттің біріншіден, халықаралық жүйенің бір бөлігі болып табылатындығы, екіншіден, одан тыс та өмір сүре алатындығы.

Сонымен, халықаралық құқықтың даму және қызмет ету проблемаларын айқындағанда, осы заманғы халықаралық қатынастардың ерекшелігін, халықаралық жүйе ұғымы мен компоненттерін анықтауға тура келеді.

Жоғарыда аталғандарды ескере отырып, халықаралық қатынастар ұғымы мен олардың құқықтық табиғаты туралы жалпы қорытынды жасауға болады.

Халықаралық қатынастар – бұл мемлекеттер арасындағы саяси, экономикалық, құқықтық, дипломатиялық, әскери, мәдени, ғылыми, идеологиялық және өзге де байланыстар жүйесі.

Халықаралық қатынастарға мемлекеттер арасындағы өзара ынтымақтастықты нығайту және кеңейту, халықаралық ұйымдар ролінің артуы, бейбітшілік пен халықаралық қауіпсіздіктің жаңа проблемаларының туындауы, ядролық соғыстың алдын алу, халықаралық құқық ролінің өсуі сияқты сипаттар тән.

Бақылау сұрақтары:

1. Халықаралық құқықтың қалыптасуы және оның тарихының кезеңдерін айтып бере аласызба?
2. Ежелгі және орта ғасырладағы ойшылдардың халықаралық құқық мәселелері туралы айтқан ой – пікірлері туралы не білесіз?
3. Қазақстанның тәуелсіздігі және халықаралық құқық, халықаралық – құқықтық ілімнің Қазақстанда пайда болуы және дамуы тарихы тулаы айтып беріңізші?

Әдебиеттер:

1. Баскин Ю. Фельдман Д.И. История международного права. – М. 2004. – 207с
2. Боярс Ю.Р. Вопросы гражданства в международном праве. М., Международные отношения. 2007. -160с.
3. Данилко Г.М. Обычай в современном международном праве М., Наука, 2008 -191с.
4. Ержанов Т.К. Международно – правовой статус внутриконтинентальных государств. – Алматы: Данекер, 2003.

3-тақырып . Қазақстан тарихындағы халықаралық – құқықтық институттардың пайда болуы және дамуы. Қазіргі болмыстағы халықаралық қатынастардың қамтамасыз ету жағдайы

Сабақтың мақсаты мен міндеті: Қазақстан тарихындағы халықаралық – құқықтық институттардың пайда болып, дамуына жалпы сипаттама беру.

Негізгі сұрақтар:

1. Қазақстан тарихындағы ынтымақтастықтың халықаралық – құқықтық нысананың пайда болуы. Қазақстандағы жүздердің Ресейге қосылуының халықаралық құқық тұрғысынан алғандағы көрінісі.
2. Қазақстан тарихында елшілік әдет –ғұрып дипломатиялық құқықтың қайнар көзі ретінде. Қазақстандағы әдет – ғұрып пен шарттардың ара қатынасы.
3. СССР – дің құрамындағы Қазақ ССР – нің халықаралық құқық субъектілігі.
4. Қазақстан Республикасы егемен, дербес мемлекет, қазіргі халықаралық құқықтың толыққанды, теңқұқылы субъектісі.

Халықаралық құқықтың қызмет етуі – бұл халықаралық құқық жүйесі мен құқықтық ортаны, яғни халықаралық құқық жүйесі компоненттерінің әрекеттесуі болып табылады. Мәселеге бұл тұрғыдан қарай халықаралық құқықтың ролін, оның дамуын бағдарлауға, оның әрекеттілігінің бейбітшілікті және халықаралық ынтымақты арттыру құралы ретінде одан әрі танылуына септігін тигізеді. Сонымен бірге, қызмет ету дегеніміз халықаралық құқықтың мақсат-міндеттерін жүзеге асыру процесі болады.

Халықаралық құқық адамзат қоғамы дамуының әр түрлі сатыларында түрлі роль атқарған. Белгілі халықаралық заңгерлердің бірі Ф.Лист халықаралық құқықтың көбіне аяқ асты болып келгенін атап көрсеткен. Алайда мемлекеттер және халықаралық қатынастың басқа субъектілері халықаралық жария құқық нормаларының міндетті күшін жоққа шығара алмайды.

Халықаралық құқықтың басты қызметі – оның мемлекетаралық қатынасының негізгі қатысушылары мен арақатынасынан көрінеді. Мұнда құқықтық қатынас субъектілері түрлі құралдарды қолдануы мүмкін.

Халықаралық құқықтың қызмет етуі үшін, бір жағынан, халықаралық құқықтың және сыртқы саясаттың, екінші жағынан, халықаралық құқық пен дипломатияның арақатынасы мәселелері өзекті мәселе болып табылады. Халықаралық жария құқық туралы монографиялық еңбектерде осы мәселе кеңінен талқыланған. Осы қаралатын проблема құқық пен саясаттың арақатынасы туралы жалпы мәселенің бір бөлшегі. Ішкі саясатпен салыстырғанда, сыртқы саясаттың өзіндік ерекшелігі бар. Сонымен бірге, ішкі және сыртқы саясатты мемлекеттің бір жоғары органы бағыттап, бақылап отырады. Дипломатия жөнінде «Дипломатиялық сөздікте» берілген анықтама мынадай: «Мемлекеттің сыртқы саясатының мақсаттары мен міндеттерін жүзеге асыруға, сондай-ақ мемлекеттің шетелдердегі құқықтары мен мүдделерін қорғау жөніндегі мемлекет басшыларының, үкіметінің және арнайы органдарының сыртқы қатынастағы ресми қызметтері делінген. Дипломатия –сыртқы саясат құралы, сондай-ақ экономикалық, мәдени, әскери және өзге де сыртқы байланыс құралдарының дипломатиясымен іргелес тұқратындығы сөзсіз.

Халықаралық жария құқықтың қызмет етуі үшін мынадай мәселелер өзекті болып табылады: біріншіден, халықаралық құқық мемлекеттің

көпшілік таныған нормалары мен қағидаларын сақтауын міндеттей келе, олардың сыртқы саясаты мен дипломатиясын шектеп отырады; екіншіден, халықаралық құқық сонымен бірге сыртқы саясат пен дипломатияның дамуы үшін негіз бола алады, үшіншіден, халықаралық құқық сыртқы саясат пен дипломатиялық қатынастарға қатысушы органдардың қызметін реттейді, мәселен, халықаралық

жария құқық өзінің жүйесінде дипломатиялық және елшілік құқық салаларын зерттейді. Оған халықаралық болсын, сондай-ақ ішкі мемлекеттік сипатта болсын, жетерліктей нормативтік база бар, мәселен, 1961ж. дипломатиялық қатынас туралы Вена конвенциясы 2002ж. «Дипломатиялық қызмет туралы» Қазақстан Республикасының заңы.

Бұл саланың мазмұнын сыртқы қатынас органдарының ерекшелігін құқықтық мәселелер және агрестан салдарын, сенім және кері шақыру грамоталарын тапсыру, дипломатиялық өкілдіктің құқықтық мәртебесін және т.б. зерттеу құрайды. Қауіпсіздік құқығын зерттеген кезде халықаралық құқық мемлекеттің сыртқы саясатының негізгі элементтеріне сүйенеді, мысалы, ұжымдық, аймақтық қауіпсіздікті анықтаған кезде; халықаралық қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін халықаралық құқық құралдары.

Бүгінгі жағдайда, мемлекеттердің өзара тиімді ынтымақтастықты дамытуға бірлесе күш салуы артып келеді. Көпшілік мақұлдаған халықаралық құқық қағидалары мен нормаларын қолдану әмбебаптық құбылысқа айналды. БҰҰ бас Ассамблеясы халықаралық қатынастардағы құқық басымдалағы мәселелеріне халықаралық бірлестіктердің көңілін аудару мақсатында 1990-1999жж. аралығын БҰҰ бас Ассамблеясының 1989ж. 17 қарашадағы 44| 23 және 1990ж. 28 қарашадағы 45| 40 қарарларына сәйкес, халықаралық құқықтың онжылдығы деп жариялады. Оның негізгі мақсаттары мынадай:

а) халықаралық құқық қағидаларын қабылдауға және құрметтеуге көмектесу;

б) Халықаралық Сотқа жүгіну мен оны құрметтеуді қоса алғанда, мемлекеттер арасындағы дауларды бейбіт жолмен шешу құралдары мен әдістеріне көмектесу;

в) халықаралық құқықтың үдемелі дамуы мен оның жүйелілігін ынталандыру;

г) халықаралық құқықты оқыту, зерттеу, тарату және оның кеңінен танылуын ынталандыру.

Халықаралық құқықтың онжылдығы шаралары ретінде мынадай ұсыныстар ұсынылды:

1) Халықаралық құқық оқытылатын және зерттелетін академиялық және кәсіби мекемелерге көмек көрсету;

2) Студенттерге халықаралық құқық дәрістерін оқытуды оқу бағдарламасын енгізетін оқу орындарын ынталандыру; бастауыш және орта мектептердің оқу жоспарларына халықаралық құқық тақырыптарын енгізу мүмкіндігі;

3) Үлгі оқу жоспарларын жасау, халықаралық құқық курсы

бойынша материалдар дайындау, оқулықтарды құрастыру;

4) Дамушы елдер арасындағы, сондай-ақ дамыған және дамып келе жатқан елдер арасындағы ынтымақтастықты қолдау.

Бұл қарарлардың мәні олардың әлемдік тәжірибеде халықаралық құқыққа тұтастай арналған уақытша кезеңнің алғаш рет орын алғандығына байланысты емес. Аталған онжылдықта Жалпыға бірдей адам құқықтарының қабылдануына 50 жыл толуына орай, БҰҰ Жарғысына қол қойылғанына 50 жыл (1945), Халықаралық құқықтың негізгі қағидалары туралы Декларацияның қабылдануына 25 жыл толуы (1974), Гуманитарлық құқықтың Женева Конвенциясына 50 жыл (1949) толуына орай, оларды атап өту сияқты маңызды даталарға да көңіл бөлінді.

Халықаралық жария құқықтың қызмет етуінің оңды жақтарымен қатар, халықаралық ынтымақтастықтың халықаралық бірлестік субъектілерінің уақыт өткізбей назарын аударатын шараларын да айта кету керек. Ол, біріншіден, қарусыздану мәселелері, оның ішінде, ядролық қарусыздандыру; экоцид проблемалары – қоршаған ортаны қорғау; халықаралық қылмыстық құқық мәселелері; жауапкершілік институтының жүйеленуі; есірткі саудасымен күрес проблемалары; адам құқықтарын қорғаудың халықаралық – құқықтық мәселелері. Халықаралық құқық дамуының аталған бағыттары мұнымен шектелмейді.

2002ж. 8 қыркүйегіндегі БҰҰ Бас Ассамблеясының 55| 2 қарарымен бекітілген Мыңжылдықтың декларациясы қабылданды. Онда өркениетті адамзаттың басшалаққа алатын құндылықтары мен қағидалары көрсетілген, оның ішінде халықаралық бірлестік, халықаралық құқықтың негізгі қағидаларын орындаудағы өзінің міндеттемелерін нақтылайды. Мұнда басқа, әмбебап халықаралық ұйымның мүшелері ХХІ ғ. іргелі құндылықтарына бостандық, теңдік, ынтымақтастық, төзімділік, табиғатты аялау, ғаламдық, экономикалық және әлеуметтік дамуды басқарудағы міндеттерді жатқызады. Халықаралық бірлестік қазіргі заманның басты мақсаты – жаһандасудың әлемнің барлық халқына орнықты фактор болуын қамтамасыз ету деп есептейді. Мыңжылдық декларациясы нақты әрекеттерді көрсетті, мақсатқа жетер жолды айқындады және оған ерекше мән беруде. Оларға мыналар жатады: бейбітшілік, қауіпсіздік пен қарусыздану; кедейшілікпен күресу мәселелері, қоршаған ортаны қорғау; адам құқықтары, демократия мен игілікті басқару; әлсіздерді қорғау мәселелері; Африканың ерекше сұранысын қанағаттандыру. Халықаралық бірлестік БҰҰ-ның бүкіл кезек күттірмес мәселелерді тиімді шешу құралына айналуына барлық күш жігерін жұмылдыруда.

Бақылау сұрақтары:

1. Қазақстан тарихындағы ынтымақтастықтың халықаралық – құқықтық нысананың пайда болуы. Қазақстандағы жүздердің Ресейге қосылуының халықаралық құқық тұрғысынан алғандағы көрінісі.

2. Қазақстан тарихында елшілік әдет –ғұрып дипломатиялық құқықтың қайнар көзі ретінде. Қазақстандағы әдет – ғұрып пен шарттардың ара қатынасы.
3. СССР – дің құрамындағы Қазақ ССР – нің халықаралық құқық субъектілігі.
4. Қазақстан Республикасы егемен, дербес мемлекет, қазіргі халықаралық құқықтың толыққанды, теңқұқылы субъектісі.

Әдебиеттер:

1. Баскин Ю. Фельдман Д.И. История международного права. – М. 2004. – 207с.
2. Бельсон Я.М. Интерпол в борьбе с преступностью. М., Наука. 2009. 239с.
3. Боярс Ю.Р. Вопросы гражданства в международном праве. М., Международные отношения. 2007. -160с.
4. Данилко Г.М. Обычай в современном международном праве М., Наука, 2008 -191с

4-тақырып. Халықаралық құқықтың қайнар көздері.

Сабақтың мақсаты мен міндеті: халықаралық құқықтың негізгі деректерімен қайнар көздерімен таныстыру, негізгілеріне сипаттама беру.

Негізгі сұрақтар:

1. Халықаралық шарт халықаралық құқықтың негізгі қайнар көзі ретінде. Халықаралық әдет – ғұрып.
2. Халықаралық ұйымдардың ұсыным – резолюциясының маңызы. Халықаралық конференциялардың актілері. БҰҰ – ның Халықаралық сот және халықаралық төрелік шешімінің ролі.
3. Халықаралық құқықты жүйелеу (конфикациялау). Жүйеленген актілерді жасаудағы БҰҰ мен басқа да халықаралық ұйымдардың ролі. БҰҰ – ның халықаралық құқық комиссиясы дайындаған негізгі жүйеленген актілері.
4. Қазіргі халықаралық құқықтың жүйесі. Жалпы халықаралық құқық және жергілікті нормалар. Нормалар және қағидалар.
5. Құқықтың қайнар көздері» деген термин материалдық және ресми (заңдық) екі аспектіде қолданылады.

Халықаралық құқықтың материалдық қайнар көздері ретінде халықаралық еңбек бөлінісі нәтижесінде дамитын және халықаралық құқық нормаларын түзетін бүкіләлемдік экономикалық қатынастарды айтамыз. Осы заманғы халықаралық құқықтың мағынасындағы қайнар көздері – бұл оның нормалары мен қағидаларының көрінуі мен бекітілуінің ерекше, арнаулы нысаны. Осы заманғы халықаралық құқықтың заңдық қайнар көздері халықаралық құқық шығармашылықта ерекше орынға ие, атап айтқанда халықаралық құқықтың нормалары мен қағидаларының қалыптасуы және пайда болу процесін қорытындылайды.

Сөйтіп, халықаралық құқықтың қайнар көздерінің – заңи мағынасы – бұл, оның субъектілерінің келісілген еркін білдіретін халықаралық құқық нормаларына айналған нысандар.

Қайнар көздердің жүйесі негізгі және көмекші болып екіге бөлінеді.

Негізгіге мыналар жатады:

- Халықаралық шарт;
- Халықаралық дәстүр;

Халықаралық құқықтың көмекші қайнар көздеріне мыналар жатады:

- Халықаралық ұйымдардың шешімдері, қарарлары;
- Халықаралық Соттың және Төрелік соттың шешімдері;
- Мемлекетішілік заңдар, ұлттық соттардың шешімдері;
- Халықаралық құқықтағы ғалымдар доктринасы;
- «өркениетті ұлттар таныған құқықтың жалпы қағидалары».

Халықаралық құқықтың өзіндік қайнар көздері болып табылмағанымен де, бұл қайнар көздер, біріншіден, халықаралық-құқықтық нормалардың жасалу процесінде белгілі бір сатылары болып табылады; екіншіден, заң шығару процесі барысына әсерін тигізеді; үшіншіден, халықаралық құқық нормаларының бар болуын немесе мазмұнын бекітеді.

Халықаралық шарт шарттасушы тараптар үшін құқықтар мен міндеттер түзеді, бұлар оның заң нормаларында бекітіледі. Осы қайнар көз халықаралық құқықтың негізгі қағидаларына сәйкес келетін заң нормаларын жасайды. Халықаралық құқық нормаларын жасайтын мемлекеттердің келісілетін еріктері аяқталған нысанда болғанда шарт жасалады. Соңғы жағдайда біз мемлекеттер арасында жасалатын келісімдерді де айта аламыз. Ол үшін ереже бойынша жазбаша бекітілген немесе ауызша айтылатын белгілі бір мәтін болу керек. Халықаралық құқық доктринасы халықаралық шарттардың құқыққа сай болуының басты белгісі ретінде оларды жасау барысындағы еріктілікті айтады. Сондай-ақ, шарт тиісті мемлекеттердің тең құқылы ерік білдіруі болып табылған жағдайда құқықтың қайнар көзі болып саналуы мүмкін. Халықаралық шарттың құқықтық табиғатына, жасалу сатыларына «Халықаралық шарттар құқығы» деген тарауда кеңінен тоқталатын боламыз.

Халықаралық дәстүр шарттан кейін екінші орынға ие, бұрындары ол басым дәрежеге ие болатын. Әдеттегі нормалар ұзақ мерзімді тәжірибенің нәтижесінде, құқық субъектілерінің ондай норманың заңи міндетті сипатын мойындағанынан кейін пайда болды. Шарттық және әдеттегі нормалар халықаралық құқықтың жалпы жүйесін құрайды, олар бір-біріне қайшы келмейді, керісінше, халықаралық құқық нормаларын тиімді қолдануды қамтамасыз етеді.

Халықаралық дәстүр дегеніміз халықаралық тәжірибеде қалыптасқан тәртіп ережесі, халықаралық құқық субъектілері оның заңи міндетті сипатын мойындайды. Дәстүрдің шарттық нормадан айырмашылығы тиісті ережелерді нақты көрсететін заңдық құжат еместігінде. Дәстүр барлық немесе бірнеше мемлекеттердің халықаралық

әрекеттерінің ұқсастықтарының күші бойынша жинақталады. Ол ұзақ мерзім бойында қолданылады және заңдық міндеттілігіне сенім сипатында болады. Сонымен, мемлекет тәжірибелерінің ұзақтығы салыстырмалы сипатта. Бүгінгі таңдағы халықаралық қатынастарда әдеттегі нормалардың қысқа мерзімде жасалуы да кездеседі, мысалы, ғарыш құқығында, теңіз құқығында.

Сөйтіп, халықаралық дәстүрге мыналар тән:

- Қолданылу мерзімінің ұзақтығы.
- Мойындалуының жалпылығы.
- Заңдық міндеттілігінің сенімділігі.

Халықаралық дәстүрдің пайда болуы үшін қайталанба тәжірибе керек. Халықаралық-құқықтық әдебиеттерде кез келген қайталанудың әдеттегі нормалары жасалмайтыны жөніндегі аз айтылып жүрген жоқ. Қандай да бір әрекеттердің қайталануы тәртіп нормасын жасауға әкелмеуі де мүмкін, ол жай әдетке айналып кетеді. Халықаралық әдет деп мемлекеттердің заңдық міндеттілігі бар деп есептелінбейтін жалпы тәжірибелерін айтады.

Халықаралық қатынастарда, әсіресе дипломатиялық қатынастар мен теңіз кеме қатынасында көп уақыттан бері әрекет етіп келе жатқан, дегенмен халықаралық құқық нормасы болып табылмайтын нормалар аз емес. Мәселен, дипломаттардың жүктерін кеден бақылауынан тексермей өткізуге, үшінші мемлекеттің аумағында дипломаттардың кейбір артықшылықтарының болуына, әдетте көптеген мемлекеттер рұқсат етеді. Алайда 1961ж. дипломатиялық қатынас туралы Вена Конвенциясы өз күшіне енгенге дейін мұндай нормалар халықаралық құқықтық деп емес, халықаралық сыпайыгершілік нормалары деп есептелетін.

Халықаралық дәстүр мен халықаралық шарт құқықтың негізгі қайнар көздері және жалпы халықаралық құқық нормаларын жасаудың екі түрлі тәсілі болып табылады. Сөйтіп, халықаралық құқықтың әдеттегі нормаларын шарттық жолмен өзгерту көп кездесетінін баса айтқан жөн. Ал шарттық нормаларды әдеттегі нормаларға ауыстыру жағдайлары сирек кездеседі, яғни шарттық тәжірибе әдетте оларды өзгерту ережелерін немесе күшін жоюды қарастырады.

Халықаралық ұйымдардың шешімдері, қарарлары.

Халықаралық құқықтың аталмыш қайнар көзінің маңызы халықаралық құқық субъектісі ретіндегі халықаралық ұйымдардың рөлімен бірге арта түседі. Аталған қайнар көз өз бетінше халықаралық құқық нормаларын жасай алмайды. Халықаралық ұйымдардың қаулылары, ең бірінші Бас Ассамблея мен Қауіпсіздік Кеңесінің қарарлары норма жасау процесіне қатысады. Мәселен, БҰҰ Жарғысының 11-бабында Бас Ассамблеяның «БҰҰ немесе Қауіпсіздік Кеңесіне мүше-мемлекеттерге ұсыныстар беру» құқығы ғана бар екендігі көрсетілген. БҰҰ-ның барлық органдарының ішінде Қауіпсіздік Кеңесіне ғана бейбітшілікті қолдану мәселелері бойынша, барлық мүше мемлекеттерге міндетті шешімдер қабылдау мүмкіндігі берілген және ол БҰҰ Жарғысының 25-бабында бекітілген.

Халықаралық Соттың және төрелік соттың сотшешімдері.

Халықаралық Сот пен төрелік сот қолданыстағы құқықтарды қолданады, талдайды, алайда құқық нормаларын шығармайды. Халықаралық Сот Статутының 38-бабы, d тармағында олардың шешімдерін «құқықтық нормаларды анықтау үшін көмекші құралдар» ретінде бейнелейді. Сот шешімдерінің маңызды рөлі мемлекеттердің соттағы тәжірибелерін көрсетуінен шығып отыр. Оның халықаралық құқықтың жүйеленуіне көмегін тигізері сөзсіз.

Халықаралық құқық нормаларының қалыптасуына ұлттық заңдар зор әсерін тигізеді. Дегенмен, ұлттық заңдар халықаралық-құқықтық норма санатында танылған кезде ғана халықаралық құқықтың қайнар көзі болып есептеле алады (халықаралық шарт арқылы немесе халықаралық дәстүр арқылы).

Халықаралық Сот Статутының 38-бабында Соттың істерді шешу барысында «**құқықтық нормаларды анықтау үшін қосымша құралдар ретінде түрлі ұлттардың жария құқықтары бойынша ең білікті мамандарының доктриналарын**» қолдану мүмкіндігі қарастырылған.

Мұндай доктриналардың маңызы қолданыстағы халықаралық құқықтың қандай да бір нақты қағидалары, нормалары мен институттарының мазмұнын айқындау үшін мамандардың ғылыми пікірлерінің қосымша материалдар ретінде қызмет етуінен көрінеді. Доктриналар халықаралық қатынастың жаңа ережелерін дайындай алады және қалыптастыра алады. Бірақ олар заңдық тұрғыда міндетті болуы үшін халықаралық тұрғыда танылуы керек, яғни бұл ғылыми көзқарастар халықаралық қатынас қатысушыларының ерік білдірулерін келісімге келтіруге негіз болулары қажет.

«Құқықтың жалпы қағидалары» проблемасын Ұлттар Лигасы қозғаған болатын, алғашында халықаралық әділ соттың Тұрақты Палатасы Статутының 38-бабында, кейін БҰҰ-ның Халықаралық Сот Статутында орын алды. «Құқықтың жалпы қағидалары» деген ұғым «құқықтың негізгі қағидалары» деген ұғымнан өзгешелеу. Мәселен, «құқықтың жалпы қағидаларына» ұлттық құқықтық жүйелерде, сондай-ақ халықаралық құқықта да қолданылатын құқықтық нормаларды түсіндіру және қолдану процесіндегі заңдық түсініктер, заң логикасының, техникасының ережелері жатады.

Халықаралық жария құқықтың қайнар көздерінің жүйесіне сәйкес, әдебиеттерде «қатаң құқық» және «жұмсақ құқық» деген ұғымдар қолданылады.

«Қатаң құқық» санатына халықаралық шарттарды және үкіметаралық ұйымдардың міндеттейтін шешімдерін жатқызса, «жұмсақ құқыққа» - ұсыныстық қарарларды жатқызады.

Бақылау сұрақтары:

1. Халықаралық шарт халықаралық құқықтың негізгі қайнар көзі бола алама?
2. . БҰҰ – ның Халықаралық сот және халықаралық төрелік шешімінің ролі қандай?

3. Халықаралық құқықты жүйелеу (конфикациялау) қалай жүзеге асырылады?

Әдебиеттер:

1. Баскин Ю. Фельдман Д.И. История международного права. – М. 2004. – 207с.
2. Бельсон Я.М. Интерпол в борьбе с преступностью. М., Наука. 2009. 239с.
3. Боярс Ю.Р. Вопросы гражданства в международном праве. М., Международные отношения. 2007. -160с.
4. Данилко Г.М. Обычай в современном международном праве М., Наука, 2008 -191с

5 – тақырып. Халықаралық құқықтың қағидалары.

Сабактың мақсаты мен міндеті: халықаралық құқықтың негізгі қағидалар жүйесіне шолу жасау, сипаттама беру.

Негізгі сұрақтар:

1. Халықаралық құқықтың негізгі қағидалар жүйесі. БҰҰ – ы Жарғысының алатын орны.
2. 1970 жылғы БҰҰ - ның халықаралық құқық қағидалары туралы декларациясы. 1975 жылғы Хельсинкидегі Кеңестің қорытынды актісінің маңызы.
3. Халықаралық құқықтың негізгі қағидалары және мемлекеттің негізгі құқықтары мен міндеттері.
4. Мемлекеттердің егемендігінің теңдік қағидасы, оның мазмұны.
5. Күш қолданбау және қорқытпау қағидасы, осы қағиданың қалыптасуы.
6. Соғысты насихаттауға тыйым салу. Күш қолданбау қағидасы және мемлекеттердің өзін - өзі қорғау құқығы.
7. Шекаралардың мызғымастығы қағидасы. Оның күш қолданбау және күшпен қорқытпау қағидасымен органикалқ байланысы.
8. Мемлекеттердің дауларды бейбіт жолмен шешу қағидасы, оның мазмұны және оны қолдану әдістері.

Халықаралық құқықтың дамуындағы маңызды белгілердің бірі, оның негізгі қағидалары рөлінің үдемелі дамуында, былайша айтқанда, ол белгілі бір қатынастардағы халықаралық құқық субъектілерінің тәртіптеріне негізделген, заңи оқшауланған нормалары болып шығады. Халықаралық құқықтың белгілі бір объектісіне қатысты нақты құқықтық қатынастарды реттеуге арналған нормаларға қарағанда, қағидалар өз әрекетін құқықтық қатынастардың тұтас аумағына таратады. Құқықтық нормамен салыстырғанда, қағида ұзақ мерзімді, әрі өзгеріп тұратын мән-жайлардың әсеріне көп ұшырамайды. Сонымен бірге, нормаларға қарағанда қағидалар ұзақ мерзім ішінде қалыптасады.

Қағидалар дегеніміз – қандай да бір жүйенің негізін қалайтын идеялар, нақты жүйенің барлық нормалары бағытынан, әрекеті көлемді нормалар болып табылады.

Халықаралық құқықтың негізгі қағидалары – халықаралық құқықтың өзінің пайда болуы кезеңімен сәйкес келмейтін санатқа жатады. Мұндай сипаттағы қағидалар осы құқық дамуының белгілі бір сатысында пайда болады. Халықаралық құқықтың негізгі қағидалары – бұл халықаралық-құқықтық салады болып жатқан түбегейлі өзгерістерді айқын бейнелейтін негізгі бастаулар. Халықаралық құқықтың қағидалары оның басты ережелері болып табылады, оның халықаралық-құқықтық толық нормалары мен арақатынасын заңдағы нормалардың конституциялық қағидаларының арақатысымен салыстыруға болады.

Халықаралық құқықтың негізгі қағидалары - өзіндік сипаттамасы бар дербес құқықтық санатқа жатады. Біріншіден, қағидалар барлық құқықтық жүйеге таралады. Екіншіден, олар міндетті (императивті) сипатта *jur cogens*. Үшіншіден, қағидаларға жүйе құраушы рөл сипаты тән. Төртіншіден, қағидаларға заңдылық өлшемі тән болады.

Халықаралық құқықта қағидалардың екі түрлі санаты бар: жалпы, негізгі қағидалар; және тар мағынадағы тәртіп ережелерін бекітетін арнаулы қағидалар.

Осы заманғы халықаралық құқықтың негізгі қағидалары, біріншіден, БҰҰ Жарғысында бекітілген. Бірақ, БҰҰ Жарғысы халықаралық құқық қағидаларын тұжырымдау жөнінде арнайы мақсатта көздемегендіктен, олардың кейбіреулері өте қысқа мазмұндалған. Сондықтан, бірқатар мемлекеттердің бастамасымен, бірнеше негізгі қағидалардың мазмұнын айқындау үшін БҰҰ-да бірсыпыра жұмыстар атқарылды. Бұл жұмыс 1970ж. БҰҰ Бас Ассамблеясының БҰҰ Жарғысына сай (мұнан былай, халықаралық құқықтың негізгі достық қатынастар мен ынтымақтастыққа қатысты халықаралық құқықтың қағидалары туралы Декларацияны қабылдаумен аяқталады.

1970ж. Декларацияда халықаралық құқықтың 7 қағидасы мазмұндалған:

- Күш қолданбау немесе күш қолданамын деп қоқан-лоққы жасамау қағидасы;
- Ішкі істерге араласпау қағидасы;
- Халықаралық дауларды бейбіт жолмен шешу қағидасы;
- Мемлекеттердің өзара міндетті ынтымақтасу қағидасы;
- Халықтардың теңдік және өзін-өзі басқару қағидасы;
- Мемлекеттердің дербес теңдік қағидасы;
- Міндеттемелерді адал орындау қағидасы.

Дегенмен, бұдан халықаралық құқықта тек осы 7 қағида бар екен деген ой тумауы керек. 1975ж. Хельсинки кеңесінің Қорытынды Актісінде 10 қағида бар. 1970ж. Декларациядағы тізімге мыналар қосымша енгізілді: шекаралардың мызғымастық қағидасы; аумақтық тұтастық қағидасы; адамның құқықтары мен негізгі міндеттерін құрметтеу қағидасы. Айтып өтетін жайт, халықаралық құқық халықаралық құқық субъектілерінің басшылыққа алатын қағидаларының барлығын белгілеуді өзіне мақсат тұтпайды. Әрбір жеке тарихи кезеңде қолданыстағы қағидалар жаңаланып,

эволюция жүріп тұрады. Мысалы, халықаралық экологиялық құқықта қоршаған ортаға залал тигізбеу сияқты; қоршаған орта мен оның компоненттерін еркін зерттеу және пайдалану қағидасы; қоршаған ортаны тиімді пайдалану қағидасы және т.б. бар. Халықаралық әуе құқығында халықаралық әуе қатынастарының қауіпсіздігін қамтамасыз ету қағидасы; әуе кемелерін заңсыз қол сұғу актісінен қорғау және т.б. қағидалар негізгі қағидалар болып табылады.

Халықаралық құқық доктринасы халықаралық жария құқықтың негізгі қағидаларын былайша жіктейді.

Мемлекеттердің экономикалық, әлеуметтік және саяси жүйелерінен тәуелсіз, бейбіт қатар өмір сүру қағидасы басты орын алады.

Келесі топқа халықаралық бейбітшілік пен қауіпсіздікті тікелей қолдайтын қағидалар кіреді. Мұндай қағидаларға күш қолданбау немесе күш қолданамын деп қоқан-лоққы жасамау қағидасы; халықаралық дауларды бейбіт жолмен шешу қағидасы; мемлекеттердің аумақтық тұтастық қағидасы; шекаралардың мызғымстық қағидасы жатады.

Халықаралық ынтымақтастықты айқындайтын қағидалар тобына мыналар жатады: мемлекеттердің дербес теңдік қағидасы; қол сұқпау қағидасы; халықтардың теңқұқылық және өзін-өзі басқару қағидасы; мемлекеттердің ынтымақтасу қағидасы; халықаралық міндеттемелерді адал орындау қағидасы.

Мемлекеттердің экономикалық, әлеуметтік және саяси жүйелерінен тәуелсіз бейбіт қатар өмір сүру қағидасы. Осы қағидаға сәйкес, мемлекеттер халықаралық бейбітшілік пен қауіпсіздікті қолдауға, сондай-ақ өзара тиімді ынтымақтастықты дамытуға міндетті. Бұл қағиданың сипаттамалық белгісі – ол халықаралық құқықтың көптеген негізгі қағидаларының мән-маңыздарының үйлесуі. Сондықтан осы заманғы халықаралық құқықтың негізгі қағидаларының барлық жүйесі бейбіт қатар өмір сүру қағидаларының жүйесі деп атала алады. БҰҰ Жарғысында «бейбіт қатар өмір сүру» нақты терминмен негізделмегеніне қарамастан, оның мазмұны Кіріспені толықтай қамтиды және өзге де жарғылық ережелерде мәні ашылады. Бейбіт қатар өмір сүру қағидасы бейбітшілікті сүйетін кез келген мемлекеттің сыртқы саясаттағы конституциялық қағидаларының негізін қалайды.

Күш қолданбау немесе күш қолданамын деп қоқан-лоққы жасамау қағидасы. Алғаш рет бейбітшілік туралы Декретте жарияланған басқыншылық соғысқа тыйым салу қағидасы, 1935-1939жж. жасалған шабуыл жасамау және бейтараптық туралы шарттарды заңи бекітілген болатын. Осы қағида 1933ж. агрессияны айқындау жөніндегі Лондон Конвенциясында; басқыншылық соғысқа тыйым салу қағидасын халықаралық құқықтың жалпыға міндетті нормасына айналдырған 1928ж. Париж шартында онан әрі бекітіле түсті. БҰҰ Жарғысының қабылдануы күш қолданбау қағидасын бекітудің келесі маңызды сатысы болды. БҰҰ Жарғысында бекітілген күш қолданбау немесе күш қолданамын деп қоқан-лоққы жасамау қағидасының Екінші дниежүзілік соғысқа дейін қалыптасқан

басқыншылық соғысқа тыйым салу қағидасына қарағанда екі елеулі ерекшелігі бар. Біріншіден, тек қарулы күштерді ғана емес, сондай-ақ, түрлі әскери емес мәжбүрлеу нысанындағы, яғни саяси, экономикалық мәжбүрлеуге де тыйым салынады. Екіншіден, күш қолдану ғана емес, кез келген күшпен қорқытуға да тыйым салынады. БҰҰ Бас Ассамблеясының «басқыншылықты айқындау туралы» 1974ж. 14 желтоқсанындағы 3314 қарары күш қолданбау қағидасының бекітілген және жүйеленген маңызды халықаралық нормативті актісі болып табылады. Аталмыш қарардың 1-бабына сәйкес, басқыншылық – бұл бір мемлекеттің келесі мемлекеттің тәуелсіздігіне, аумақтық мызғымастығына, саяси дербестігіне қарсы қарулы күш қолдануы. Қарулы күшті бірінші, себепсіз қолдану – басқыншылық актісіне тән. 3-бапта мемлекеттің соғыс жариялауына қарамастан, басқыншылық актісі ретінде саналуы мүмкін әрекеттердің тізімі берілген. Оларға мыналар жатады:

- аумаққа қарулы күштердің күшпен кіруі және шабуыл жасауы, кез келген әскери басқыншылық;
- басқа мемлекеттің аумағын бомбалау немесе кез келген қаруды қолдану;
- мемлекеттің порттарын немесе жағалауларын басқа мемлекеттің қарулы күштерінің қоршауға алуы;
- мемлекеттің қарулы күштерінің басқа мемлекеттің теңіз, әуе, құрлық немесе әуе флоттарына шабуыл жасауы;
- келісімнің талаптарын бұзғаны үшін басқа мемлекеттің аумағында тұрған қарулы күштерді қолдану немесе келісімнің бітуіне қарамастан, осы аумақтағы әскери күштердің кетуін талап етуді жалғастыру;
- үшінші мемлекетке қатысты басқыншылық актісін жүзеге асыру үшін өз аумақтарын пайдалануға беретін мемлекеттердің әрекеттері;
- мемлекеттің атынан қаруланған бандыларды, жалдамалыларды, реттеу күштерін жіберу.

Әрекеттердің жоғарыда аталған тізбегі толық емес. Басқыншылық актісін саяси, экономикалық сипаттағы ешқандай ақталулар ақтай алмайды. Басқыншылық актісі – бұл халықаралық қылмыс, ол үшін халықаралық жауапкершілік жүктеледі. Тәуелсіздік үшін күрес басқыншылық актісі болып есептелмейді.

Көпшілік мойындаған қағида – консенсус негізінде жасақталған басқыншылық анықтамасын мақұлдай отырып, БҰҰ Бас Ассамблеясы барлық мемлекеттерді түрлі басқыншылық актілерінен және БҰҰ Жарғысының ережелері мен халықаралық құқықтың негізгі қағидалары туралы 1970ж. Декларацияға қайшы келетін күш қолданудың басқа да түрлерінен тартынуға шақырды.

Халықаралық дауларды бейбіт жолмен шешу қағидасы. Г.И.Тункин шабуыл жасамау және халықаралық дауларды бейбіт жолмен шешу қағидасының арақатынасын қозғай отырып, бұл екі қағида бір медальдің екі жағы іспеттес деп атап өтті. Егер мемлекет өзінің басқа бір

мемлекеттермен қатынасында күш қолдануға тыйым салатын болса, тиісінше мұндай мемлекеттермен туындаған дауларды да бейбіт жолмен шешуі тиіс. Сонда дауларды бейбіт жолмен шешу қағидасы, осы дауларды реттеу үшін күш қолданбау керек дегенді білдіреді.

Халықаралық дауларды бейбіт жолмен шешу, халықаралық құқық қағидасы ретінде алғаш рет соғыстан бас тарту туралы 1928ж. Париж шартында бекітілген еді. 1928ж. Париж шартынан кейін туындаған дауларды бейбіт жолмен шешу басқа да бірқатар мемлекетаралық келісімдерде, сондай-ақ Ұлттар Лигасының қарарларында да халықаралық құқықтың қағидасы ретінде танылды. Екінші дүниежүзілік соғыс аяқталғанна кейін осы қағида БҰҰ Жарғысында, атап айтқанда, 2-баптың 3-тармағында бекітілді: «БҰҰ-ның барлық мүшелері халықаралық бейбітшілік пен қауіпсіздікке және ақиқатқа қауіп төндірмеу үшін өз дауларын бейбіт құралдар арқылы шешеді».

Дауларды бейбіт жолмен шешу қағидасын дұрыс түсіну үшін «халықаралық даулар» түсінігін айқындаудың маңызы зор. Халықаралық дау деп қандай да бір мемлекеттердің арақатынастарында реттелмеген мәселелердің, алауыздықтың болуы, халықаралық өмірдегі түрлі проблемалар бойынша келісе алмаушылық, сондай-ақ халықаралық шарттар, келісімдер және өзге де актілерді талдау негізіндегі қайшылықтардың болуын айтамыз.

БҰҰ Жарғысында даулар халықаралық бейбітшілік пен қауіпсіздікке қауіп төндіретін даулар және қауіп төндірмейтін даулар деп екіге бөлінген.

Дауларды бейбіт жолмен шешу қағидасы дауды бейбіт жолмен шешудің белгілі бір рәсімін алдын ала бекітпейді. Дауларды бейбіт жолмен реттеу құралдарының көлемді тізімі БҰҰ Жарғысының 6-тарауында мазмұндалған. БҰҰ Жарғысының 33-бабының 1-тармағына сәйкес: «Кез келген дауға қатысушы тараптар, егер дау халықаралық бейбітшілік пен қауіпсіздікке қатер төндіретін болса, онда дауды ең біріншіден келіссөздер, зерттеулер жүргізу арқылы, жарастырушылық, татуласу, төрелік, сот талқылауы, аймақтық органдарға және келісімдерге жүгіну арқылы немесе өз таңдаулары бойынша басқа да бейбіт құралдар арқылы шешуге тырысулары қажет». Мұнан басқа БҰҰ Жарғысында даулы мәселелерді Бас Ассамблея мен Қауіпсіздік Кеңесінің шешу мүмкіндігі көзделген.

Мемлекеттердің аумақтық тұтастығы қағидасы. 1970ж. Декларацияда осы қағида күш қолданбау немесе күш қолданамын деп қоқан-лоққы жасамау қағидасының бір бөлігі ретінде баяндалған. Мемлекеттердің аумақтық тұтастығына қарсы бағытталған әрекеттердің ішінде күш немесе қауіп-қатер күшін қолдану ерекше орын алады. Қарастырып отырған қағиданың тұжырымдамасында мемлекеттердің кез келген мемлекеттің саяси тәуелсіздігі мен бірлігіне қарсы бағытталуы мүмкін кез келген әрекеттерден тартынуы жөнінде сөз бар. Сөйтіп, кел келген мемлекеттің саяси тәуелсіздігі мен бірлігі оның аумақтық тұтастығымен тығыз байланысты.

Басқаның аумағын жаулап алудан бас тарту алғаш рет француз революциясында жарияланған болатын. Мемлекеттік аумақтың

мызғымастығы мен тұтастық қағидасының қалыптасу тарихында халықаралық

дауларды шешу құралы ретінде соғысқа халықаралық-құқықтық тыйым салу маңызды оқиғаның бірі болды. 1975ж. Хельсинкидегі Қорытынды Актіге қол қойған барлық мемлекеттер үшін мемлекеттердің аумақтық тұтастық қағидасы міндетті болып табылады, мұндай міндеттілік екі себеппен түсіндіріледі:

1. 1970ж. Декларацияның тиісті ережелері өздерінің негіздеулерінде барлық мемлекеттер үшін міндетті болып табылатын жалпы халықаралық құқық қағидасын бейнелейді.

2. Мемлекеттер «осы қағидаларды өзара арақатынас пен ынтымақтастықтың барлық аспектілерінде қолдануға, әрбір қатысушы-мемлекетке осы қағидаларды барлығының құрметтеуі мен қолдануынан келіп шығатын артықшылықтарды қамтамасыз ету үшін толықтай құрметтеуге» өздерінің дайын екендіктерін білдірді.

Шекаралардың мызғымастығы қағидасы. Шекаралардың мызғымастығы қағидасының мәні бұл қағиданың соғыс пен бейбітшілік мәселелерін шешудегі ұзақ мерзімді тәжірибемен қамтамасыз етілгенімен айқындалады. Бұл қағиданы қолдану әлемдік тәжірибеде қалыптасқан саяси және аумақтық болыс шарт-жағдайларындағы барлық мемлекеттер үшін ақиқатты қауіпсіздікті бекіту сұранысының жинақталған көрінісі болып табылады.

Бұрындары шекаралардың мызғымастығы қағидасы халықаралық құқықтың жаңа қағидасы деп аталып келді. Біріккен Ұлттар Ұйымының жарғылық ережелері кез келген мемлекеттің аумақтық мызғымастығына немесе саяси тәуелсіздігіне күшпен қол сұғуға тыйым салады. Осылайша мемлекеттердің аумақтық мызғымастығын қорғай отырып және оны бұзу үшін күш қолдануға тыйым сала отырып, БҰҰ Жарғысы шекаралардың мызғымастығы қағидасын басшылыққа алды.

Мемлекеттердің дербес теңдігі қағидасы. 1975ж. Еуропадағы қауіпсіздік пен ынтымақтастық жөніндегі Кеңесте Еуропаның даму жолдары туралы пікірталасына белгілі бір қорытынды жасалды. Хельсинки Кеңесі мемлекеттердің қарым-қатынасы дербес теңдік, дербестікке тән құқықтарды қорғау қағидаларына негізделулері қажет екендіктерін растап берді.

Дербес теңдік қағидасы қарама-қайшы қоғамдық жүйелері бар мемлекеттердің теңқұқықтарын мойындауды білдіреді. 1975ж. Қорытынды Актіде дербестікке тән құқықтардың толық тізімі берілмеген. Құжатта әлемдік бірлестіктің қауіпсіздігі үшін аса маңызы бар бірнешеуі көрсетілген.

Ең алдымен, дербес теңдік элементтерінің бірі - әрбір мемлекеттің заңи теңдік құқығы аталған. Дербес теңдікті мойындау, мемлекеттердің тәуелсіздігін құрметтеу – мемлекеттердің әлемдік аренада бейбіт қатар өмір сүру саясатының басты элементі болып табылады. Осы қағиданы халықаралық құқықтың негізгі қағидалар жүйесіне енгізу бейбітшілікті сүйетін күштердің халықаралық қауіпсіздік үшін күрестің үлкен жетістігі

болып есептеледі. Қазіргі заманның басты мақсаты – осы қағидалардың халықаралық проблемаларды шешу барысында сақталуын қамтамасыз ету.

Ішкі істерге қол сұқпаушылық қағидасы. Мемлекеттердің бір-бірінің ішкі істеріне араласпауы туралы мәселе феодализм дәуірінде пайда болған еді. Бұл кезеңде қол сұқпаушылықты құқықтық норма ретінде шарттық ресімдеу - өте сирек кездесетін құбылыс болатын. Ол халықаралық құқықтың жалпы қағидасы ретінде буржуазиялық революция кезеңінде қалыптасты. Бұл қағида кез келген мемлекеттің құзіретінде қол сұғатын барлық әрекеттерден тартыну міндетін білдіреді. Қағиданың заңдық мазмұны 1970ж. халықаралық құқықтың негізгі қағидалары туралы Декларацияда баяндалған. «Бірде-бір мемлекет өзінің дербес құқықтарын жүзеге асыру барысында және одан қандай да бір артықшылықтарға ие болу үшін басқа мемлекетті өзіне бағындыру мақсатында экономикалық, саяси шаралары немесе кез келген басқа сипаттағы шараларды қолдана да, көтермелей де алмайды.

Бірде-бір мемлекет басқа мемлекеттің құрылымын зорлық-зомбылық жолымен өзгертуге бағытталған қарулы, зиянкес немесе террорлық әрекеттерді ұйымдастырмауы, көмектеспеуі, шағыстырмауы, қолдамауы тиіс». Бұл нысанның маңызды құндылығы – оның сипатының қатаңдығы мен үзілді-кесілді екендігінде. Кез келген тікелей немесе жанама қол сұғушылыққа тыйым салынады. Қол сұғушылық ешқандай себептермен ақтала алмайды. Халықаралық құқықтың және саяси әдебиеттерде мемлекеттердің пайдаланатын қол сұғу шараларына байланысты әскери, экономикалық, саяси, дипломатиялық және қол сұғушылықтың өзге де нысандары қарастырылған, дегенмен олар іс жүзінде бір-бірімен байланысты болып келеді.

Халықтардың теңқұқылық және өзін-өзі билеу қағидасы. Бұл қағида орталықтандырылған абсолютті монархияның орнаған кезеңінде, XV-XVI ғасырда пайда болды. Хельсинки құжаты осы қағиданы бейбітшілік, қауіпсіздік және ынтымақтастықтың маңызды шар-жағдайы деп таниды. Бұл байланыс алғаш рет бейбітшілік туралы тарихи Декретте және Қазан социалистік революциясының өзге де маңызды актілерінде көрініс тапқан болатын. Халықтардың теңқұқылық және өзін-өзі билеу қағидасының тұжырымдамасында халықтардың өздерінің саяси мәртебесін айқындауы туралы былай делінген:

- басқару нысанын еркін таңдау;
- өздерінің мемлекеттік құрылымын айқындау;
- өзінің саяси, әлеуметтік және мәдени дамуын өз қалауынша жүзеге асыру;
- мемлекеттің аумақтық тұтастығын қорғау.

Осындай құқықтың жүзеге асуы халықаралық құқықтың қорғауында болады. Халықтардың өздерінің ішкі саяси мәртебесін еркін айқындауларына кедергі келтіру мақсатында мемлекеттердің ішкі істеріне қол сұғу басқыншы мемлекеттерге тән сипат.

Мемлекеттердің ынтымақтасуы қағидасы. Осы қағидаға сәйкес, мемлекеттер өздерінің ынтымақтастықтарын барлық салалар бойынша дамытуға міндеттеледі. 1975ж. Қорытынды Актімен 1970ж. Декларациядағы осы қағиданың тұжырымдамасын салыстыра қарағанда, мемлекеттердің бұл қағиданы материалдық мазмұн жағынан толықтыруға тырысқанын байқауға болады. 1970ж. Декларацияда ынтымақтасудың бір мақсаты ретінде «халықтардың жалпы әл-ауқатын» жақсарту үшін жәрдемдесу көзделсе, Қорытынды Актіде бұл ереже нақтылана түседі: мемлекеттер өздерінің ынтымақтасуын дамыта отырып, халықтардың тұрмысын көтеруге, оның ішінде экономикалық, ғылыми, техникалық, әлеуметтік, мәдени және гуманитарлық салаларда таратылып келе жатқан өзара таныстықтардан келіп шығатын пайданы қолдануға тырысады.

Адам құқықтарын құрметтеу қағидасы. Осы қағиданың мазмұнына сәйкес, мемлекеттер азаматтық және саяси ғана емес, сонымен бірге әлеуметтік-экономикалық құқықтарды да сақтауды өздеріне міндет етіп жүктейді. Сөйтіп, тәуелсіздікке тән дербес теңдік және құқықтарды құрметтеу қағидаларын орындай отырып, мемлекеттер бір-бірінің өздерінің саяси әлеуметтік, экономикалық және мәдени жүйелерін еркін таңдау және дамыту құқықтарын құрметтеуге міндеттейді.

Осы заманғы халықаралық қатынастарда, баяғы қалпынша адамның негізгі құқықтары мен бостандықтарын апартеид, геноцид, нәсілшілдік сипаттарында дөрекі және жаппай бұзу әлі де орын алып келеді.

Халықаралық міндеттемелерді адал орындау қағидасы.

Халықаралық құқықта ертеден-ақ, шарттар орындалуы тиіс – *pacta sunt servanda* – деген қағида бар. Ол кейін БҰҰ Жарғысының Кіріспесінде көрініс тапты. Онда БҰҰ мүшелерінің «халықаралық құқықтың шарттарынан және басқа да қайнар көздерінен туындайтын міндеттемелердің әділдігі мен құрметтелуінің сақталуына шарт-жағдайлар қалыптастыруға» бел байлағандары атап көрсетілген. БҰҰ Жарғысының 2-бабының 2-тармағына сәйкес, барлық мүше мемлекеттер Жарғы бойынша қабылданған халықаралық міндеттемелерді адал орындауға міндетті. Мемлекеттер өздерінің ішкі құқықтарына қарамастан, шарттың мақсаты, мазмұны, мерзімі және орындалу орны бойынша өздерінің міндеттемелерін адал орындаулары тиіс.

Кейінгі жылдарда мемлекеттер арасында жасалып жатқан шарттар мен келісімдер адамзатты жаңа дүниежүзілік соғыс қаупінен арашалауға бағытталған. Олар мемлекеттер арасындағы түрлі ынтымақтастық жүйесін қалыптастыруды мақсат тұтады. Сондықтан шарттық ережелердің орындалуы халықаралық бірлестіктегі бейбітшілік пен қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында жаңа халықаралық келісімдерге қол қойылуының кепілі бола алады.

Бақылау сұрақтары:

1. Халықаралық құқықтың негізгі қағидалар атап беріңіз.

2. 1970 жылғы БҰҰ - ның халықаралық құқық қағидалары туралы декларациясы маңызын айтып беріңіз.
3. Күш қолданбау және қорқытпау қағидасы, осы қағиданың қалыптасуын айтып беріңіз?
4. Шекаралардың мызғымастығы қағидасы мәнін ашып беріңіз.
5. Мемлекеттердің дауларды бейбіт жолмен шешу қағидасы, оның мазмұны және оны қолдану әдістері көрсетіп беріңіз.

Әдебиеттер:

1. Сарсембаев М.А. Международно – правовые отношения государств Центральной Азии. Алматы: Галым. 1995. -368с.
2. Сарсембаев М.А. Дипломатическое и консульское право. Алматы: Данекер. 1999.
3. Сарсембаев М.А. Международное право. Алматы: Данекер. 2001. -344с.
4. Сафанова О.Н. соотношение международного права и национального права Республики Казахстан. Алматы: Данекер. 2002.
5. Сборник международных конвенций. Автор – составитель К.М. Сарсембаев. Алматы: Гылым, Данекер. 1997. -190с.

6– тақырып. Халықаралық құқықтың субъектілері

Сабактың мақсаты мен міндеті: халықаралық құқық субъектілеріне анықтама беру, сипаттау.

Негізгі сұрақтар:

1. Халықаралық құқық субъектілерінің анықтамасы мен түрлері.
2. Мемлекеттердің халықаралық құқықтық субъектілігі.
3. Халықаралық ұйымдардың құқықтық субъектілігі.
4. Халықаралық құқықта жеке тұлғаның мәртебесі.

Халықаралық құқықтың кейбір ерекшеліктеріне қарамастан, теориядағы құқық субъектілеріне берілген түсінік оған да бірдей болып келеді. Субъективтік заңдық құқықтары мен міндеттері бар халықаралық құқық қатынасы қатынасушылары халықаралық құқық субъектілері болып табылады. Олар халықаралық қатынастарға дербес күйде қатысуға; басқа субъектілермен заңдық әрекеттестікке тікелей түсуге қабілетті және тәуелсіз болады. Халықаралық құқық субъектілері екі топқа бөлінеді: алғашқы және туынды. Алғашқы топқа тәуелсіздігі бар мемлекеттер: өз тәуелсіздіктері үшін күресуші халықтар мен ұлттар кіреді. Соңғылары өзінің мемлекеттік құрылысын өзі шешу құқығын жүзеге асырады. Субъектінің бұл екі тобы алғашқы топқа жалпы белгілері – тәуелсіздігі арқылы біріккен. Мемлекетте ол белгі – мемлекеттік болса, өз тәуелсіздігі үшін күресуші ұлттар мен халықтарда – ұлттық белгі болады. Екінші топқа халықаралық ұйымдар мен мемлекет тәріздес құрылымдар кіреді. Жек тұлғалар халықаралық құқық субъектілерінің ерекше тобын құрайды.

Мемлекеттер – халықаралық құқықтың негізгі субъектілері. Қазақстан Республикасы – халықаралық құқық субъектісі. Халықаралық

құқық субъектісі ретіндегі мемлекеттер үшін ерекше саяси заңдық сипат, өз аумағындағы үстемдігі және халықаралық қатынастардағы тәуелсіздігі тән. Мемлекет өз тәуелсіздігінің күші бойынша құқық субъектілікке *ipso-facto*-ға ие, яғни өзінің өмір сүру фактісінің нәтижесінде ие болады. Мемлекеттердің әрекет қабілеттігі оның халықаралық шарттық тәжірибелерге қатысуынан, дипломатиялық және елшілік қатынастарды орнату нәтижесінен, халықаралық ұйымдарға мүше болу мәселелерінен көрінеді. Мемлекеттің халықаралық құқық субъектісі ретінде болуы халықаралық жүйенің өзгешелігін құрайды. Мемлекет, бір жағынан алғанда, халықаралық жүйенің бір бөлігі болса, екінші жағынан, одан тыс та дами береді. Мысалы, ХХғ. 60-жылдарының басында Албания халықаралық ұйымдардың құрамынан шығып, басқа мемлекеттермен дипломатиялық және елшілік қатынастардың бәрін тоқтатып, дербес дамуға бел байлады. Дегенмен, халықаралық құқықтың даму тарихында мемлекеттердің өз ішкі мүмкіндіктерін түгелдей тауысқан кездері сияқты мысалдар да аз емес. Халықаралық ынтымақтастықты қажет ететін объективті сұраныс туындайды. Осындай тарихи кезеңнен Албания да өтті, ол бүгінгі таңда халықаралық құқықтың тең құқылы субъектісінің бірі.

Құқық субъектілік мәселелері халықаралық құқық ғылымында әрқашан іргелі орын алып келеді. Олай болуы табиғи да, себебі халықаралық құқық субъектілер арасындағы қатынасты реттейді, ал субъектілер шеңбері халықаралық өмірдің маңызды құбылыстарына байланысты өзгеріске ұшырап отыратыны белгілі.

Халықаралық құқықтың кейбір ерекшеліктеріне қарамастан, теориядағы құқық субъектілеріне берілген түсінік оған да бірдей болып келеді. Субъективтік заңдық құқықтары мен міндеттері бар халықаралық құқық қатынасы қатынасушылары халықаралық құқық субъектілері болып табылады. Олар халықаралық қатынастарға дербес күйде қатысуға; басқа субъектілермен заңдық әрекеттестікке тікелей түсуге қабілетті және тәуелсіз болады. Халықаралық құқық субъектілері екі топқа бөлінеді: алғашқы және туынды. Алғашқы топқа тәуелсіздігі бар мемлекеттер: өз тәуелсіздіктері үшін күресуші халықтар мен ұлттар кіреді. Соңғылары өзінің мемлекеттік құрылысын өзі шешу құқығын жүзеге асырады. Субъектінің бұл екі тобы алғашқы топқа жалпы белгілері – тәуелсіздігі арқылы біріккен. Мемлекетте ол белгі – мемлекеттік болса, өз тәуелсіздігі үшін күресуші ұлттар мен халықтарда – ұлттық белгі болады. Екінші топқа халықаралық ұйымдар мен мемлекет тәріздес құрылымдар кіреді. Жек тұлғалар халықаралық құқық субъектілерінің ерекше тобын құрайды.

Мемлекеттер – халықаралық құқықтың негізгі субъектілері. Қазақстан Республикасы – халықаралық құқық субъектісі. Халықаралық құқық субъектісі ретіндегі мемлекеттер үшін ерекше саяси заңдық сипат, өз аумағындағы үстемдігі және халықаралық қатынастардағы тәуелсіздігі тән. Мемлекет өз тәуелсіздігінің күші бойынша құқық субъектілікке *ipso-facto*-ға ие, яғни өзінің өмір сүру фактісінің нәтижесінде ие болады. Мемлекеттердің әрекет қабілеттігі оның халықаралық шарттық тәжірибелерге қатысуынан,

дипломатиялық және елшілік қатынастарды орнату нәтижесінен, халықаралық ұйымдарға мүше болу мәселелерінен көрінеді. Мемлекеттің халықаралық құқық субъектісі ретінде болуы халықаралық жүйенің өзгешелігін құрайды. Мемлекет, бір жағынан алғанда, халықаралық жүйенің бір бөлігі болса, екінші жағынан, одан тыс та дами береді. Мысалы, XXғ. 60-жылдарының басында Албания халықаралық ұйымдардың құрамынан шығып, басқа мемлекеттермен дипломатиялық және елшілік қатынастардың бәрін тоқтатып, дербес дамуға бел байлады. Дегенмен, халықаралық құқықтың даму тарихында мемлекеттердің өз ішкі мүмкіндіктерін түгелдей тауысқан кездері сияқты мысалдар да аз емес. Халықаралық ынтымақтастықты қажет ететін объективті сұраныс туындайды. Осындай тарихи кезеңнен Албания да өтті, ол бүгінгі таңда халықаралық құқықтың тең құқылы субъектісінің бірі.

Құқық субъектілік мәселелері халықаралық құқық ғылымында әрқашан іргелі орын алып келеді. Олай болуы табиғи да, себебі халықаралық құқық субъектілер арасындағы қатынасты реттейді, ал субъектілер шеңбері халықаралық өмірдің маңызды құбылыстарына байланысты өзгеріске ұшырап отыратыны белгілі.

Халықаралық ұйымдардың құқық субъектілігі. Мемлекеттер мен халықаралық ұйымдардың арасындағы немесе халықаралық ұйымдардың арасындағы шарттардың құқығы туралы 1986ж. Вена Конвенциясының 3-бабына сәйкес, халықаралық ұйымдар халықаралық құқықтың субъектілері болып табылады. Оларды негізгі субъектілер болып табылатын мемлекеттер әр түрлі ауқымдағы ынтымақтастық үшін құрады. Сондықтан да қарастырып отырған субъект туынды топқа жатқызылады. Халықаралық ұйымдар санының өсуі мен халықаралық қауымдастықта маңызды мәселелерді шешудегі рөлінің артуы оларды нормативтік тұрғыдан бекіту қажеттігін туғызады. Мысалы, әмбебап сипаттағы халықаралық ұйымдардың қатынастағы мемлекеттердің өкілдіктері туралы 1975ж. Вена Конвенциясы, мемлекеттер мен халықаралық ұйымдар немесе халықаралық ұйымдар арасындағы шарттардың құқықтары туралы 1986ж. Вена конвенциясы.

Біз Е.А.Шибаяеваның «халықаралық ұйымдар алғашқы кезде құқық субъектілік қасиетке ие болмаған. Ол ұйымдардың, халықаралық құқықтың және халықаралық қатынастардың дамуының белгілі бір сатыларында пайда болады...» деген көзқарасымен келісеміз.

Халықаралық ұйымдардың тәуелсіздігі жоқ, олар мемлекетке тәуелді, яғни халықаралық ұйымдардың өмір сүруі үшін мемлекеттер ерік білдіруі керек. Сөйтіп, құрылтайшы мемлекеттер халықаралық ұйымдарға құқық субъектілікті береді. Халықаралық ұйымдарда құқық субъектілік XX ғасырдың 20-жылдарында ғана пайда болды. Ұйымдардың халықаралық құқық субъектілігі құрылтай актісінде (жарғысында) бекітіледі. Егер мұндай жағдай жарғыда нақтырақ көрсетілмесе, онда жобаланған құзырет тұжырымдамасы қолданылады. Мысалы, халықаралық Соттың консультациялық қорытындысы 1949ж. БҰҰ-ны халықаралық құқықтың туынды субъектісі ретінде таныды.

Сөйтіп, қазіргі кезең жағдайында халықаралық ұйымдар рөлінің өскеніне байланысты өзінің құқықтық табиғаты бойынша ұйымдар халықаралық құқықтың субъектілері болып табылады. Олардың құқық қабілеттілігінің көлемі – субъектілік құрамы, қызмет көлемі, реттеу пәніне байланысты әр түрлі. Мемлекетаралық, бүкіләлемдік және әмбебап ұйым – БҰҰ-ның қазіргі кезеңнің маңызды ұйымы екендігіне талас жоқ. Халықаралық құқықтың негізгі субъектісі ретінде мемлекет құзіретінің көлемі қандай да бір халықаралық ұйым құрамындағы мемлекеттің құзіретінен әлдеқайда кең болатынын атап өткен жөн.

Мемлекет тәрізді құрылымдардың халықаралық құқық субъектілігі. Халықаралық құқықтың тарихы арнайы шарттар арқылы ерекше саяси-аумақтық құрылымдардың мәртебесін айқындап берді. Оларға «еркін қалалар», Батыс Берлин мен қазіргі кезде Ватикан жатқызылып жүр.

«Еркін қалалар». 1815ж. Вена трактатына сәйкес, мұндай қалаларға 1846ж. дейін өмір сүрген Краков қаласы, 1919ж. Версаль бейбітшілік шарты бойынша – Данциг (1920-1939) қаласы жатқызылды, сондай-ақ «Триест бос аумағын» құруға талпыныстар жасалды, бірақ олар жүзеге аспады. Кейінірек, осы аумақ Италия мен Югославияның құрамына кірді.

Батыс Берлин мәртебесі 1971ж. төрт тарапты келісіммен реттелді, ол КСРО, АҚШ, Ұлыбритания және Франция арасында болды. Мұндай мемлекет тәрізді құрылымның болуы ГДР мен ФРГ-нің өмір сүруімен байланыстырылып түсіндіріледі. Жоғарыда аталған 1971ж. Келісімнің ережелеріне сәйкес, Батыс Берлин дербес саяси біртұтастықты көрсетеді. Германия біріккен соң халықаралық құқықтың аталмыш субъектісі таратылды.

Ватикан. Халықаралық актілерде Ватикан «эулие тақ» деп аталады. Халықаралық құқық субъектісі Ватиканның ерекше мәртебесі 1984ж. Италиямен жасасқан келісім арқылы белгіленген. Ватикан халықаралық қатынастарға белсенді түрде қатысады, ол көптеген мемлекеттермен сыртқы байланыс орнатқан. Оны қала-мемлекет деп атайды. Ватикан БҰҰ мүшесі емес, өйткені Біріккен Ұлттар Ұйымының құрамына мемлекеттер ғана кіреді, дегенмен бұл әмбебап ұйымда оның тұрақты бақылаушылары бар. Халықаралық құқықтың аталмыш субъектісі көптеген халықаралық конференцияларға қатысады, көптарапты конвенциялардың қатысушысы, католиктік елдерде тұрақты дипломатиялық өкілдіктер құрады.

Жеке тұлғалардың халықаралық құқық субъектілігі. Халықаралық шарттарға сәйкес жеке тұлғаға берілетін құқықтар көлемінің халықаралық және аймақтық деңгейінің кеңеюіне байланысты ол халықаралық құқық субъектісінің бірі болды. Көпке дейін халықаралық-құқықтық әдебиеттерде индивидтің құқық субъектілігі жоққа шығарылып келді. Ал халықаралық құқық бойынша ғылыми әдебиеттерде индивидтің халықаралық құқық субъектілігі жоққа шығарылды (мысалы, А.П.Мовчан, С.В.Черниченконың еңбектерінде). XXғ. 80-жылдарының аяғында индивидтің халықаралық құқық субъектілігінің жеке элементтерін мойындайтын отандық еңбектер алғаш рет жариялана бастады. Батыстық

заңгерлер индивидтің халықаралық құқық субъектілік теориясын аз-кем мойындайтын. Қоғамның халықаралық өміріндегі объективті өзгерістер осы заманғы халықаралық құқықтағы адамның құқық субъектілігі жөніндегі мәселеден «тыйым салуды» алып тастады.

Индивидтер халықаралық құқықтың шектелген құқық субъектілігі бар субъектісі екенін айтып өткен жөн, өйткені оның халықаралық құқықтың нормалары мен қағидаларын құруға қатысу құқығы жоқ. Алайда халықаралық-құқықтық нормаларды қолданудың тиімділігі индивидтің құқықтары мен міндеттерінің көлемін кеңейтуде. Тиісінше, халықаралық қатынаста жеке тұлғаның рөлі де ұлғаюда. Мұнда, біз «индивид» және «жеке тұлға» ұғымдарын теңдей қолданатынымызды айтып өтсек, себебі жеке тұлға – бұл әлеуметтік маңызды белгілерінің тұрақты жүйесі бар индивид болса; индивид – бұл жеке адам, жеке өмір сүретін тірі тіршілік.

Халықаралық құқық нормалары халықаралық құқықтың негізгі субъектілері болатын мемлекеттердің арасындағы өзара қатынастарды реттеуге бағытталған, ол индивидтердің орындауына бағытталған. Мұнан басқа, жеке тұлғаның құқықтық жағдайына әсер ете отырып, аталған құқықтық нормалар мемлекетті индивидтерге белгілі бір мәртебені қамтамасыз етуге міндеттейді. Қазіргі жағдайларда индивидтің халықаралық органдарға жолдау мүмкіндігі жоқ екені талас тудырмайды, кейбір жағдайларды ескермегенде. Халықаралық құқық индивидтердің құқықтарын бұзған жағдайларды қарастыру іс-жосығын айқындайды. Онымен адам құқықтары жөніндегі Комитет, нәсілдік кемсітушілікті жою жөніндегі Комитет, азаптауға қарсы Комитет және еркін қамауға алу бойынша жұмыс тобы айналысады.

Индивидтер құқықтарының орындалуын бақылау мақсатында БҰҰ шеңберінде қосымша институттар құрылды. Мысалы, 1996ж. 20 желтоқсандағы Бас Ассамблеяның 48/141 қарарына сәйкес, адамның барлық құқықтарын қолдау және қорғау бойынша Жоғарғы Комиссар қызметі құрылды. Бірінші Жоғарғы Комиссар жұмысына 1994ж. 5 сәуірінде кірісті. 1997ж. оның отставкаға шығуына байланысты Мери Робинсон жаңа Жоғарғы Комиссар болып тағайындалды. БҰҰ-ның бұл лауазымды тұлғасына адам құқықтары жөніндегі қызметтің негізгі жауапкершілігі жүктелген. Жоғарғы Комиссардың өкілеттігі адамның барлық құқықтарын қорғаудан және оны тиімді жүзеге асыруды қолдаудан тұрады.

Бақылау сұрақтары:

1. Халықаралық құқық субъектілерінің анықтамасы мен түрлері айтып беріңіз.
2. Халықаралық құқықтағы жеке тұлғаның мәртебесі қандай?

Әдебиеттер:

1. Сарсембаев М.А. Международно – правовые отношения государств Центральной Азии. Алматы: Галым. 1995. -368с.
2. Сарсембаев М.А. Дипломатическое и консульское право. Алматы: Данекер. 1999.

3. Сарсембаев М.А. Международное право. Алматы: Данекер. 2001. -344с.
4. Сборник международных конвенций. Автор – составитель К.М. Сарсембаев. Алматы: Гылым, Данекер. 1997. -190с.
5. Токаев К.К. Организация Объединенных Наций: Полвка служения миру. Алматы: Атамұра. 1995. -189с.

7 – тақырып. Халықаралық – құқықтық тану (мойындау).

Сабақтың мақсаты мен міндеті: халықаралық құқықтағы бір-бірін мойындау түсінігіне анықтама беру, мемлекеттердің егемендіктерін тану формаларына сипаттама беру.

Негізгі сұрақтар:

1. Халықаралық құқықтық мойындаудың түсінігі мен мәні.
2. Мойындаудың түрлерімен формасы.
3. Қазіргі кездегі халықаралық мойындаудың маңызы

Тану институтының даму тарихы құқық субъектілік мәселелерімен тығыз байланысты. Аталмыш институтта халықаралық қатынастардағы барлық өзгерістер тікелей бейнеленеді.

Халықаралық құқық доктринасы тану деп халықаралық құқық субъектісінің біржақты актісін түсінеді, оның көмегімен белгілі бір заң фактісі белгіленеді, бір-бірлерімен түрлі қатынастар бекітуге келісімді көрсетеді. Халықаралық құқық сөздігінде мұндай актінің мақсаты айқындалған: «олармен ресми немесе бейресми, толық немесе жартылай толық, тұрақты немесе уақытша қатынастарды орнату мақсатында...».

Халықаралық құқық комиссиясы осы институтты жүйелеу туралы мәселені бірнеше мәрте қозғаған болатын. 1949ж. мемлекеттер мен үкіметтерді тану мәселесі бірінші кезекте жүйелеу тізіміне енді. Халықаралық құқық субъектілерінің арасындағы қатынастар тәжірибесі танудың басым мәселелерін айқындап берді. Мысалы, танудың заңдық салдары, танудың түрлері мен нысандары, шартты тануға жол берілуі және басқалары. Осы институтты халықаралық-құқықтық реттеу халықаралық құқықтың әдеттегі нормаларымен, жеке көп жақты және екіжақты шарттармен, дипломатиялық және елшілік ынтымақтастықтың қалыптасқан тәжірибесінің бейнеленуімен сипатталады.

Зерттеліп отырған институтты доктриналық талдау танылу теориясының екі негізгі теориясының болуымен сипатталады: *негізгі және ресми*. Бірінші теория XIX ғасырдың басында пайда болған. Оның кейбір қағидалары кейбір мемлекеттердің дипломатиялық және сот тәжірибелерінің негізін қалады. Бұл теорияның мәні тану актісіне шешуші рөл берілетіндігінде. Сөйтіп, қарастырып отырған жағдайға сәйкес, халықаралық құқықтың негізгі субъектісі – мемлекет – оны басқа мемлекеттер мойындаған кезден бастап сондай дәрежеге ие болады. Оның мәні – тану арқылы халықаралық құқықтың жаңа субъектісінің пайда болу фактісін белгілеу ғана. Мұндай көзқарасты көптеген субъектінің басқа тараптардың тануына тәуелді болуын жоққа шығарады, яғни халықаралық құқық субъектілері танылмай-ақ

өмір сүре алады дегенге саяды. Бұл жағдай әрекеттестік саласына, дипломатиялық және елшілік қатынастарды орнату тәжірибесіне, жасалатын саяси, экономикалық және басқа қатынастардың көлеміне өз әсерін тигізеді.

Танудың бірнеше тәсілі бар. Оның ішінде көп таралғаны бір жақты декларация немесе мәлімдеме. Ол танылатын мемлекеттің үкіметіне немесе басшысына арнайы нота немесе жолдау арқылы бейнеленеді. Екінші, онша көп таралмаған бір түрі қол қойылған және жаңартылған ресми мазмұндама. Мұнан басқа, дипломатиялық қатынастар орнатуға, ноталар алмасуға т.б. байланысты біріккен өтініштер де болуы мүмкін.

Танудың түрлері мен нысандары болады. Оның түрлеріне мыналар жатады: мемлекеттерді тану, жаңа үкіметтерді тану, қарсыласу органдарын тану, ұлт-азаттық қозғалысын оның органдары түрінде тану, соғысушы тараптың мәртебесін тану.

Мемлекетті тану. Танудың бұл түрі негізгі және ресми теориялар өкілдерінің арасында даулы талас тудырып тұр. Мемлекеттің халықаралық құқық субъектілігі халықаралық бірлестіктің басқа қатысушыларына тәуелді емес. Оның жақсы нұсқасы мынадай үлгіде болуы тиіс: жаңа мемлекеттің пайда болуы – жаңа субъектінің пайда болуы. Мұндай қарапайым арифметикалық формуланың салдары тану актісі болуы тиіс, себебі бұл мемлекеттер арасындағы өзара қатынастар үшін заң базасын жасайды.

Қазақстан Республикасының сыртқы саясатының құрылу және даму тарихы тәжірибеде тану институтының теориялық ережелерінің қолданылатынына куә. Мәселен, біздің мемлекетіміздің қалыптасуының алғашқы жылдарында екі жақты және көп жақты негіздерде ынтымақтастықтың халықаралық-құқықтық базасы құрылды. Сыртқы саясаттың құқықтық негізін қалыптастырғаннан кейін Қазақстан Республикасы шетелдердегі ұлттық мүдделерін қамтамасыз ететін болды. Оған елшіліктер, өкілдіктер, дипломатиялық миссиялар құру арқылы қол жеткізіледі. Қазақстан 1993ж. аяғына таман халықаралық бірлестікте кеңінен таныла бастады. Оған ірі халықаралық ұйымдар қатарынан мүше болу, әлем мемлекеттерімен дипломатиялық қатынастар орнату дәлел бола алады.

Жаңа үкіметтерді тану. Мемлекетті таныған кезде үкіметтің де танылатыны сөзсіз. Бірақ халықаралық құқықта үкіметті тану туралы мәселе үкіметтің билікке конституциялық емес жолмен келген жағдайларында жиі қойылады. Жаңа үкіметті тану өлшемі жаңа мемлекеттерді тану өлшемдерінен басқашалау. Ондай өлшемге үкіметтің тиімділігі жатқызылады, яғни ол үкіметтің мемлекеттің барлық немесе көпшілік билік жүргізе алуы және халықтың негізгі бөлігі үкіметтің саясатын қолдай ма деген мәселе. Бұрын халықаралық құқықта үкімет заңдылығы деген өлшем кең таралған болатын. Бірақ бұл өлшемді осы заманғы халықаралық құқық қол сұқпаушылық қағидасына қайшы келеді деп алып тастады. Біріккен Ұлттар Ұйымында үкіметті тану туралы мәселе, Чанкайши немесе Қытай үкіметіне қатысты; Пиночет немесе С.Альенде үкіметтерін мойындау; Ауғанстан үкіметін немесе тәлибтер үкіметін мойындауға қатысты шешілген

болатын. Екінші дүниежүзілік соғыс кезеңінде эмигранттық үкіметін тану немесе қудалаудағы үкіметтерді мойындау тәжірибесі кең таралған еді.

Тану кезінде халықаралық конференцияға жаңа мемлекеттің немесе жаңа үкіметтің қатысуы міндетті емес. Халықаралық ұйымдарда өкілдік және үкіметті тану мәселелері халықаралық құқықтың екі дербес институттары. Оның айырмашылығы мынада: халықаралық ұйымға өкілдік туралы мәселеде ұйымның өзі шешім қабылдайды және ол оны тануға байланысты емес және оған негізделмейді. Ал жаңа үкіметтерді тану жеке мемлекеттердің ерекше құзіреттеріне жатады. Егер халықаралық ұйым жаңа үкіметтің өкілдігі туралы оң шешім қабылдаса, ол аталған үкіметті халықаралық ұйымның мүшелері міндетті түрде таниды деген сөз емес.

Қарсыласу органдарын тану, ұлт-азаттық қозғалыстарын, олардың органдары түрінде тану, соғысушы жақтың мәртебесін тану.

Қарсыласу органдарын тану мәселелері екінші дүниежүзілік соғыс тарихынан белгілі. Олар халықаралық құқықтың жалпыға танылған субъектісі деп есептелетін мемлекеттердің ішінде құрылды. Танудың мұндай түрінің тәжірибесі оларды үкіметтің де тануына жатқызбайтын. Ол көбіне-көп билікті тану түрінде қарастырылды. Югославияның ұлттық азаттық комитеті (1941-1943жж.), «Шайқасушы Франция» (осы жылдары) қарсыласу органдары ретінде танылған болатын. Аталған органдар құрылған соң эмиграцияда немесе басып алынған мемлекеттердің аумағында тікелей пайда болып жатты. Мысалы, Дат Бостандық Кеңесі немесе Польша ұлт-азаттық Комитеті. Танудың бұл түрінің заңдық салдары қарсыласу органдары қатысушыларының соғыс құрбандарын қорғау туралы 1949ж. Женева Конвенциясының қамқорлығын және 1977ж. қосымша хаттамаларды пайдаланады, ал қарсыласу органдары соғысушы жақ болып табылады.

Ұлт-азаттық қозғалыстарын тану ұлт-азаттық революция барысында пайда болды. Танудың мұндай түрінің болуы өз тәуелсіздіктері үшін күресуші ұлттар мен халықтардың құқық субъектілігін растайды. Танудың мұндай түрінің үлгі мысалы ретінде Палестинаны азат ету ұйымы – ПАҰ, Оңтүстік-Батыс Африканың Халықтық ұйымы – СВАПО-ны айтуға болады.

Бас көтерген жақты тану туралы мәселе елдің ішінде азаматтық соғыс немесе оның бір бөлігі үшін соғыс туындаған жағдайда шешіледі. Танудың мұндай түрін қолдану тәжірибесі өте сирек кездеседі және ХІХғ. аяғы мен ХХғ. басында болған.

Танудың – дәстүрлі түрлеріне de-jure, de-facto, ad hoc жатады. Танудың мұндай нысандары халықаралық құқық субъектілерін танығаннан кейін туындайтын заңдық салдарды айқындайды. De-jure – бұл толық көлемдегі заңдық салдар туындағанда, құқық бойынша, тұтастай ресми тану. Мысалы, толық түпкілікті тану дипломатиялық өкілдер алмасу, кең көлемдегі екі жақты шарттар жасау, танылатын мемлекеттің мүлікке және басқа құндылықтарға билік ету құқығын тану, танылатын мемлекеттің иммунитетін тану сияқты әрекеттерді жасауға міндеттейді. De-facto тануы көпжылдық қатынастар орнатуға; экономикалық және әкімшілік сипаттағы шарттар жасауға міндеттейді. Халықаралық қатынастар тәжірибесінде

танудың бұл нысаны субъектінің мұнан да ресми қатынастар орнату қажеттілігіне сенімсіз болған жағдайларда қолданылады. de-facto – тануының маңызды сипатының бірі оның қайта қайтарылу мүмкіндігі немесе кейін de-jure тануына айналуы.

Ad hoc мойындауы фактілік сипатта. Мұндай жағдайда, субъектінің танылуы жоқ, алайда, мысалы, мемлекетке туындаған мәселелерді реттеу үшін белгілі бір қатынастарға түсу қажет. Мысалы, бір реттік қатынастар – спорт жарыстарына, ғылыми семинарларға, конференцияларға т.б. қатысу. Мұндай шаралар аяқталған соң қандай да бір қатынастардың пайда болғанына қарамастан, субъектінің құқығын танымау жөнінде жариялануы мүмкін.

Сөйтіп, тану институтының дамуына халықаралық құқық субъектілерінің арасындағы қатынастарда болатын халықаралық өмірдегі өзгерістер үлкен әсерін тигізеді. Қазірге дейін тану институты жүйеленбеген. Халықаралық тәжірибеде тануды қолдану тиімділігі көптеген факторларға тәуелді. Мемлекеттер мен ұйымдардың халықаралық ынтымақтастығының тәжірибесі аталған институтты одан әрі қолдануды қамтамасыз етеді.

Тану институтының даму тарихы құқық субъектілік мәселелерімен тығыз байланысты. Аталмыш институтта халықаралық қатынастардағы барлық өзгерістер тікелей бейнеленеді.

Халықаралық құқық доктринасы тану деп халықаралық құқық субъектісінің біржақты актісін түсінеді, оның көмегімен белгілі бір заң фактісі белгіленеді, бір-бірлерімен түрлі қатынастар бекітуге келісімді көрсетеді. Халықаралық құқық сөздігінде мұндай актінің мақсаты айқындалған: «олармен ресми немесе бейресми, толық немесе жартылай толық, тұрақты немесе уақытша қатынастарды орнату мақсатында...».

Халықаралық құқық комиссиясы осы институтты жүйелеу туралы мәселені бірнеше мәрте қозғаған болатын. 1949ж. мемлекеттер мен үкіметтерді тану мәселесі бірінші кезекте жүйелеу тізіміне енді. Халықаралық құқық субъектілерінің арасындағы қатынастар тәжірибесі танудың басым мәселелерін айқындап берді. Мысалы, танудың заңдық салдары, танудың түрлері мен нысандары, шартты тануға жол берілуі және басқалары. Осы институтты халықаралық-құқықтық реттеу халықаралық құқықтың әдеттегі нормаларымен, жеке көп жақты және екіжақты шарттармен, дипломатиялық және елшілік ынтымақтастықтың қалыптасқан тәжірибесінің бейнеленуімен сипатталады.

Зерттеліп отырған институтты доктриналық талдау танылу теориясының екі негізгі теориясының болуымен сипатталады: *негізгі және ресми*. Бірінші теория XIX ғасырдың басында пайда болған. Оның кейбір қағидалары кейбір мемлекеттердің дипломатиялық және сот тәжірибелерінің негізін қалады. Бұл теорияның мәні тану актісіне шешуші рөл берілетіндігінде. Сөйтіп, қарастырып отырған жағдайға сәйкес, халықаралық құқықтың негізгі субъектісі – мемлекет – оны басқа мемлекеттер мойындаған кезден бастап сондай дәрежеге ие болады. Оның мәні – тану арқылы халықаралық құқықтың жаңа субъектісінің пайда болу фактісін белгілеу ғана.

Мұндай көзқарасты көптеген субъектінің басқа тараптардың тануына тәуелді болуын жоққа шығарады, яғни халықаралық құқық субъектілері танылмай-ақ өмір сүре алады дегенге саяды. Бұл жағдай әрекеттестік саласына, дипломатиялық және елшілік қатынастарды орнату тәжірибесіне, жасалатын саяси, экономикалық және басқа қатынастардың көлеміне өз әсерін тигізеді.

Танудың бірнеше тәсілі бар. Оның ішінде көп таралғаны бір жақты декларация немесе мәлімдеме. Ол танылатын мемлекеттің үкіметіне немесе басшысына арнайы нота немесе жолдау арқылы бейнеленеді. Екінші, онша көп таралмаған бір түрі қол қойылған және жаңартылған ресми мазмұндама. Мұнан басқа, дипломатиялық қатынастар орнатуға, ноталар алмасуға т.б. байланысты біріккен өтініштер де болуы мүмкін.

Танудың түрлері мен нысандары болады. Оның түрлеріне мыналар жатады: мемлекеттерді тану, жаңа үкіметтерді тану, қарсыласу органдарын тану, ұлт-азаттық қозғалысын оның органдары түрінде тану, соғысушы тараптың мәртебесін тану.

Мемлекетті тану. Танудың бұл түрі негізгі және ресми теориялар өкілдерінің арасында даулы талас тудырып тұр. Мемлекеттің халықаралық құқық субъектілігі халықаралық бірлестіктің басқа қатысушыларына тәуелді емес. Оның жақсы нұсқасы мынадай үлгіде болуы тиіс: жаңа мемлекеттің пайда болуы – жаңа субъектінің пайда болуы. Мұндай қарапайым арифметикалық формуланың салдары тану актісі болуы тиіс, себебі бұл мемлекеттер арасындағы өзара қатынастар үшін заң базасын жасайды.

Қазақстан Республикасының сыртқы саясатының құрылу және даму тарихы тәжірибеде тану институтының теориялық ережелерінің қолданылатынына куә. Мәселен, біздің мемлекетіміздің қалыптасуының алғашқы жылдарында екі жақты және көп жақты негіздерде ынтымақтастықтың халықаралық-құқықтық базасы құрылды. Сыртқы саясаттың құқықтық негізін қалыптастырғаннан кейін Қазақстан Республикасы шетелдердегі ұлттық мүдделерін қамтамасыз ететін болды. Оған елшіліктер, өкілдіктер, дипломатиялық миссиялар құру арқылы қол жеткізіледі. Қазақстан 1993ж. аяғына таман халықаралық бірлестікте кеңінен таныла бастады. Оған ірі халықаралық ұйымдар қатарынан мүше болу, әлем мемлекеттерімен дипломатиялық қатынастар орнату дәлел бола алады.

Жаңа үкіметтерді тану. Мемлекетті таныған кезде үкіметтің де танылатыны сөзсіз. Бірақ халықаралық құқықта үкіметті тану туралы мәселе үкіметтің билікке конституциялық емес жолмен келген жағдайларында жиі қойылады. Жаңа үкіметті тану өлшемі жаңа мемлекеттерді тану өлшемдерінен басқашалау. Ондай өлшемге үкіметтің тиімділігі жатқызылады, яғни ол үкіметтің мемлекеттің барлық немесе көпшілік билік жүргізе алуы және халықтың негізгі бөлігі үкіметтің саясатын қолдай ма деген мәселе. Бұрын халықаралық құқықта үкімет заңдылығы деген өлшем кең таралған болатын. Бірақ бұл өлшемді осы заманғы халықаралық құқық қол сұқпаушылық қағидасына қайшы келеді деп алып тастады. Біріккен Ұлттар Ұйымында үкіметті тану туралы мәселе, Чанкайши немесе Қытай

үкіметіне қатысты; Пиночет немесе С.Альенде үкіметтерін мойындау; Ауғанстан үкіметін немесе тәлибтер үкіметін мойындауға қатысты шешілген болатын. Екінші дүниежүзілік соғыс кезеңінде эмигранттық үкіметін тану немесе қудалаудағы үкіметтерді мойындау тәжірибесі кең таралған еді.

Тану кезінде халықаралық конференцияға жаңа мемлекеттің немесе жаңа үкіметтің қатысуы міндетті емес. Халықаралық ұйымдарда өкілдік және үкіметті тану мәселелері халықаралық құқықтың екі дербес институттары. Оның айырмашылығы мынада: халықаралық ұйымға өкілдік туралы мәселеде ұйымның өзі шешім қабылдайды және ол оны тануға байланысты емес және оған негізделмейді. Ал жаңа үкіметтерді тану жеке мемлекеттердің ерекше құзіреттеріне жатады. Егер халықаралық ұйым жаңа үкіметтің өкілдігі туралы оң шешім қабылдаса, ол аталған үкіметті халықаралық ұйымның мүшелері міндетті түрде таниды деген сөз емес.

Қарсыласу органдарын тану, ұлт-азаттық қозғалыстарын, олардың органдары түрінде тану, соғысушы жақтың мәртебесін тану.

Қарсыласу органдарын тану мәселелері екінші дүниежүзілік соғыс тарихынан белгілі. Олар халықаралық құқықтың жалпыға танылған субъектісі деп есептелетін мемлекеттердің ішінде құрылды. Танудың мұндай түрінің тәжірибесі оларды үкіметтің де тануына жатқызбайтын. Ол көбіне-көп билікті тану түрінде қарастырылды. Югославияның ұлттық азаттық комитеті (1941-1943жж.), «Шайқасушы Франция» (осы жылдары) қарсыласу органдары ретінде танылған болатын. Аталған органдар құрылған соң эмиграцияда немесе басып алынған мемлекеттердің аумағында тікелей пайда болып жатты. Мысалы, Дат Бостандық Кеңесі немесе Польша ұлт-азаттық Комитеті. Танудың бұл түрінің заңдық салдары қарсыласу органдары қатысушыларының соғыс құрбандарын қорғау туралы 1949ж. Женева Конвенциясының қамқорлығын және 1977ж. қосымша хаттамаларды пайдаланады, ал қарсыласу органдары соғысушы жақ болып табылады.

Ұлт-азаттық қозғалыстарын тану ұлт-азаттық революция барысында пайда болды. Танудың мұндай түрінің болуы өз тәуелсіздіктері үшін күресуші ұлттар мен халықтардың құқық субъектілігін растайды. Танудың мұндай түрінің үлгі мысалы ретінде Палестинаны азат ету ұйымы – ПАҰ, Оңтүстік-Батыс Африканың Халықтық ұйымы – СВАПО-ны айтуға болады.

Бас көтерген жақты тану туралы мәселе елдің ішінде азаматтық соғыс немесе оның бір бөлігі үшін соғыс туындаған жағдайда шешіледі. Танудың мұндай түрін қолдану тәжірибесі өте сирек кездеседі және ХІХғ. аяғы мен ХХғ. басында болған.

Танудың – дәстүрлі түрлеріне de-jure, de-facto, ad hoc жатады. Танудың мұндай нысандары халықаралық құқық субъектілерін танығаннан кейін туындайтын заңдық салдарды айқындайды. De-jure – бұл толық көлемдегі заңдық салдар туындағанда, құқық бойынша, тұтастай ресми тану. Мысалы, толық түпкілікті тану дипломатиялық өкілдер алмасу, кең көлемдегі екі жақты шарттар жасау, танылатын мемлекеттің мүлікке және басқа құндылықтарға билік ету құқығын тану, танылатын мемлекеттің иммунитетін тану сияқты әрекеттерді жасауға міндеттейді. De-facto тануы

көпжылдық қатынастар орнатуға; экономикалық және әкімшілік сипаттағы шарттар жасауға міндеттейді. Халықаралық қатынастар тәжірибесінде танудың бұл нысаны субъектінің мұнан да ресми қатынастар орнату қажеттілігіне сенімсіз болған жағдайларда қолданылады. de-facto – тануының маңызды сипатының бірі оның қайта қайтарылу мүмкіндігі немесе кейін de-jure тануына айналуы.

Ad hoc мойындауы фактілік сипатта. Мұндай жағдайда, субъектінің танылуы жоқ, алайда, мысалы, мемлекетке туындаған мәселелерді реттеу үшін белгілі бір қатынастарға түсу қажет. Мысалы, бір реттік қатынастар – спорт жарыстарына, ғылыми семинарларға, конференцияларға т.б. қатысу. Мұндай шаралар аяқталған соң қандай да бір қатынастардың пайда болғанына қарамастан, субъектінің құқығын танымау жөнінде жариялануы мүмкін.

Сөйтіп, тану институтының дамуына халықаралық құқық субъектілерінің арасындағы қатынастарда болатын халықаралық өмірдегі өзгерістер үлкен әсерін тигізеді. Қазірге дейін тану институты жүйеленбеген. Халықаралық тәжірибеде тануды қолдану тиімділігі көптеген факторларға тәуелді. Мемлекеттер мен ұйымдардың халықаралық ынтымақтастығының тәжірибесі аталған институтты одан әрі қолдануды қамтамасыз етеді.

Бақылау сұрақтары:

1. Халықаралық құқықтық мойындаудың жолдарын атап беріңіз.
2. Қазіргі кездегі халықаралық мойындаудың маңызы қандай?

Әдебиеттер:

1. Сарсембаев М.А. Международно – правовые отношения государств Центральной Азии. Алматы: Галым. 1995. -368с.
2. Сарсембаев М.А. Дипломатическое и консульское право. Алматы: Данекер. 1999.
3. Сарсембаев М.А. Международное право. Алматы: Данекер. 2001. -344с.
4. Токаев К.К. Организация Объединенных Наций: Полвека служения миру. Алматы: Атамұра. 1995. -189с.

8 – тақырып. Халықаралық шарттар құқығы

Сабақтың мақсаты мен міндеті: халықаралық құқықтағы шарттар ұғымымен түрлері, оларды бекіту сатыларымен формаларына сипаттама беру.

Негізгі сұрақтар:

1. Халықаралық шарттар түсінігі мен белгілері
2. Халықаралық шарттардың топтасуы
3. Халықаралық шарттарды бекіту сатылары
4. Шарттардың күшке ену жолдары
5. Халықаралық шарттардың жарамсыздығы.

Халықаралық құқық субъектілерінің арасында өзара келісілетіннің барлығы халықаралық шарттың объектісі немесе заты болып табылады. Ол материалдық және материалдық емес құндылықтар, әрекет немесе әрекетсіздік болуы мүмкін. Халықаралық, сонымен қатар ішкі мәселелер де халықаралық шарттардың объектілері болуы мүмкін, оларды шешу шарттық процестің барлық қатысушылары үшін мүдде болады. Шарттық тәжірибеде халықаралық құқықтың барлық негізгі қағидаларының орындалуы міндетті. Мысалы, егер халықаралық құқық субъектілері мемлекеттік шекараларда делимитациялау және демаркациялау туралы шартқа қол қойса, онда мұндай жағдайда аумақтық тұтастық қағидасы мен шекаралардың қол сұғылмайтындығы қағидаларын орындау басты орында болады. Шарттық процеске қатысушылар экономикалық келісім ережелерін талқылаған кезде, олардың назары өздеріне жүктелген міндеттемелерді адал орындау қағидасына, туындаған дауларды бейбіт түрде реттеу қағидасына, мемлекеттердің ынтымақтасу қағидаларына аударылады. Егер шарттық ережелер адамның құқықтары мен бостандықтарын қорғау мәселелеріне қатысты болса, онда мемлекеттер өздеріне адамның құқықтары мен негізгі бостандықтарын қорғау мәселелеріне қатысты болса, онда мемлекеттер өздеріне адамның құқықтары мен негізгі бостандықтарын құрметтеу қағидасына, халықтардың тең құқықтылығы мен өзін-өзі басқару қағидасына сәйкес міндеттемелерді алады.

Халықаралық шарт объектісінен оның мақсатын айыра білу керек, яғни ол осындай шарттардың әрекет ету нәтижесінде мемлекеттердің қол жеткізгілері келетін мақсаттары болып табылады. Мақсат әрқашан да нақты сипатта, ол көбіне-көп халықаралық шарттың Кіріспесінде, кейде оның негізгі бөлігінде көрсетіледі. Басқаша айтқанда, халықаралық шарт объектісі дегеніміз оның мақсатқа жету жолындағы құралы болып табылады. Халықаралық шартты жасай отырып, онда біріккен мақсатты көрсете отырып, келісуші тараптың әрқайсысының жеке мақсаттары да болуы мүмкін.

Кез келген халықаралық шарттың ажырамас қасиеті және оның халықаралық дәстүрден ерекшелігі, мұнда субъектілердің еркі анық көрсетілетіндігінде. Халықаралық құқық субъектілерінің еріктерінің айқын сипатталуына көмектесетін құралдар мен **тәсілдер халықаралық шарттың нысанын** құрайды. Оларға ауызша тұжырымдар және анықтамалар, сондай-ақ шарттың әртүрлі бөліктерінің орналасу арақатынасы мен рөлі, оның құрылымы мен атауы жатқызылады. Белгілі болғанындай, халықаралық шарттар жазбаша, кейде ауызша нысанда жасалады. Мысалы, халықаралық шарттардың құқықтары туралы Вена Конвенциясының шарттық ережелері сауда шарттарының жазбаша да, ауызша да жасалу нысандарын қарастырады.

Халықаралық шарт нысанының маңызды элементтерінің бірі және оның көмегімен субъектілердің ниеттерін айқын көрсететін нәрсе – ол шарттық процестің қатысушылары қолданатын тіл болып табылады. Халықаралық шарт мәтінделеген, сөзбен бекітілген келісім түрінде болуы

мүмкін. Халықаралық шарттың қандай да бір міндетті тілі жоқ екенін айтуымыз керек. Белгілі болғанындай, екі тарапты шарттар келісуші екі тараптың білетін тілдерінде жасалады. Екі тараптың тілдерінде жасалған мәтіннің бірдей заңдық күші болады, яғни олар тең. Бұл ереже шарттың қорытынды баптарында жиі көрсетіледі. Кейбір жағдайларда екі тарапты шарттар екі тілде емес, үш тілдегі нұсқада жасалуы мүмкін. Оны тараптардың серіктестерінің тілін білмегендіктен, екі тарапқа да белгілі тілге жүгінумен түсіндіруге болады. Мұндай жағдайда, қарама-қайшылықтар туындайтын болса, бір мемлекеттің тілі келесі тарапқа түсініксіз болса, үшінші тілдегі мәтін түпнұсқалық (аутентикалық) болып есептеледі. Мысалы, Қазақстан Республикасының Балтық елдерімен шарт жасасу тәжірибесінде шарттарды үш тілде жасау кездеседі: қазақ тілінде және шарт жасаушы Балтық елінің бір тілінде – литва, латвия, эстон тілдерінде; үшінші қолданылатын тіл – орыс немесе ағылшын тілдері болады. Халықаралық әмбебап ұйым – Біріккен Ұлттар Ұйымының аясында жасалатын шарттар, әдетте, осы ұйымның алты ресми тілдерінде – орыс, араб, ағылшын, француз, испан және қытай тілдерінде жасалады.

Халықаралық шарт нысанының элементтерінде оның құрылымын, шарттың атауын көрсететін кіріспесін, негізгі және қорытынды бөлімдерін жатқызады. Халықаралық шарт құқығы теориясында шарттың кіріспесі, халықаралық шарттың басқа бөлімдерімен теңдей заңдық күші бар ажырамас бөлігі ретіндегі маңызы көпке дейін жоққа шығарылып келді. Алайда, халықаралық шарт құқықтары туралы 1969ж. Вена Конвенциясының 31-бабында шарттық контекстіне кіріспенің де кіретіні анық көрсетілген. Кіріспеде келісуші тараптардың, уәкілеттердің атаулары, дәлелдері және өкілеттерінің жарамдылығы ғана емес, сонымен бірге шарттың мақсаты да көрсетіледі. Мысалы, БҰҰ-ның 1945ж. Жарғысының Кіріспесінде соғыстың зардаптарынан құтқару, адамның негізгі құқықтарына деген сенімді бекіту, міндеттемелердің әділдігі мен құрметтеуді сақтауға шарт-жағдайлар жасауға көмектесу және т.б. мазмұндалған. Қазақстан Республикасы, Қырғыз Республикасы және Өзбекстан Республикасы арасындағы БҰҰ-ның қамқорлығындағы ұжымдық бітімгершілік батальонын ұйымдастыру және құрту туралы 1995ж. 15 желтоқсандағы Келісімнің Кіріспесінде БҰҰ-ның мүшесі екендігі, барлық әлемде бейбітшілікті сақтау үшін халықаралық қайымдастықтың жоғары жауапкершілігін бөлісу туралы тезис, дағдарыстарды реттеу, соғыс қаупінің алдын алу және т.б. реттеудегі БҰҰ-ның күш салуына тараптардың бірігіп үлес қосуға ұмтылулары ескеріліп өткен.

Халықаралық шарттың орталық бөлігі бөліктерге, тарауларға, баптарға, параграфтарға, тармақтарға, тармақшаларға бөлінеді. Осындай бөліктерге бөлу халықаралық шарттардың мәтінін пайдалануды, әсіресе олар үлкен көлемді болған жағдайда жеңілдетілді. Аталған элементтердің бар немесе жоқ болуы шарттың мазмұнына, қатысушылардың санына, мақсаттарына және өзге де факторларға байланысты, мысалы, жоғарыда аталған 1969ж. Вена Конвенциясы көпжақты шарт ретінде бөліктерге,

бөлімдерге, баптарға, тармақтарға, тармақшаларға бөлінеді. 1949ж. Женева Конвенциясы әрекеттегі армиялардағы жараланғандар мен аурулардың жағдайын жақсарту, сондай-ақ теңіздегі қарулы күштердің құрамынан кеме апатына ұшыраған жәбірлеуші адамдардың жағдайын жақсарту туралы мазмұны тарауларға, баптарға, тармақтарға, тармақшаларға бөлінген. Ал дипломатиялық қатынастар туралы 1961ж. Вена Конвенциясы ядролық қаруды таратпау туралы 1968ж. шарттың мазмұнды тек баптарға, тармақтарға, тармақшаларға бөлінген.

Халықаралық қорытынды ережелерінде белгілі болғанындай қол қою, бекіту, қосылу актісі, шарттың заңды күшіне ену күшіне, шарт жасалатын тілдер жөнінде мәліметтер, депозитарийді көрсету және мәтіннің түпнұсқалығы туралы тезис болады.

Халықаралық Шартта қосымша материалдардан, қол қоюдың қорытынды хаттамаларынан, ноталар немесе хаттар алмасудан, реттеу рәсімінің ережесінен тұратын қосымшалар болуы мүмкін. Қосымшаның кіріспеден, негізгі және қорытынды ережелерден өзгешелігі, ол шартта немесе қосымшада тікелей көрсетілсе шарттың ажырамас бөлігі бола алады. Мысалы, БҰҰ-ның 1945ж. Жарғысының 92-бабына сәйкес, Халықаралық Сот Статусы Жарғының ажырамас бөлігі болып табылады. Қазақстан Республикасының үкіметі мен Ресей Федерациясы үкіметі арасындағы «Байқоңыр» кешенін жалға алу туралы 1994ж. 19 желтоқсандағы шарттары бар: визасыз режим мәселелері, кедендік ресімдеу, тұрмыстық шарт-жағдайлар. Белгілі болғанындай, аумақтық мәселелер жөніндегі шарттарда топографиялық карталар демаркациялық (шекаралық) белгілері бар қосымшалар; ал халықаралық экономикалық шарттарда – техникалық сатндарттары, тарифтері бар қосымшалар болады.

Халықаралық шарттардың нысандарын атау сияқты элементтері де үлкен маңызға ие. Себебі, халықаралық тәжірибеде жасалатын шарттардың саны шексіз, сондықтан кездесіп отыратын шарттардың атауын есептеу қиынға соғады. Көп қолданылатын атаулардың түрлері мынадай: шарт, конвенция, келісім, пакт, хаттама, жарғы, статут, біріккен өтініш, декларация, мазмұндама, хартия, меморандум, регламент, акт, ноталар алмасу және т.б. Бүгінгі таңда халықаралық шарттар атауларының заңдық ерекшеліктері де және мұндай атаулардың көпшілік таныған топтамалары да жоқ. Сонымен бірге, кейбір атаулардың іс жүзінде ұзақ мерзім пайдаланылуы нәтижесінде біршама заңдылыққа ие болатынын да айту өту керек. Мысалы, халықаралық ұйымдарды немесе олардың жеке органдарын құру туралы шарттар жарғылар немесе статуттар деп аталады (БҰҰ Жарғысы, ТМД Жарғысы, Халықаралық Сот Статусы). Көптарапты шарттардың қатысушылары әдетте, өздерінің құқықтары мен міндеттерін конвенция нысанында ресімдейді (Женева Конвенциясы, Гаага Конвенциясы). Қалыптасқан халықаралық тәжірибеде соғыс және бейбітшілік мәселелері, адамның құқықтары мен бостандық мәселелері жөніндегі маңызды шарттық ережелер пактімен белгіленеді (шабуыл жасамау Пактісі, Рерих Пактісі, адам құқықтары жөніндегі Пактілер). БҰҰ-ның халықаралық құқық Комиссиясында

шарттардың түрлі атауларын талқылаған кезде ноталар алмасу сияқты атау туралы мәселе қызу талас туғызды. Комиссияның кейбір мүшелері ноталар алмасуды дипломатиялық қызметтің салдары ғана деп есептейді. Алайда, Вена Конвенциясы қатысушылары көпшілік бөлігі ноталар алмасуды халықаралық шартты жасаудың бір тәсілі деп есептеуі керек, себебі осындай алмасу арқылы тараптардың келісімдері ресімделеді деп айтып өтті. Үкімет басшылары мен мемлекет басшылары мемлекет басшыларының өтініштері мен мазмұндамалары сияқты шарттық актілер халықаралық- құқықтық қатынастарды үдемелі орын алуда. Осы заманғы жағдайда оларда маңызды саяси, экономикалық және әскери мәселелер жөніндегі келісімдердің, келіссөз жүргізудің нәтижелері көрініс табады.

Халықаралық шарттар құқықтарының теориялық курсы үшін **халықаралық шарттардың жіктелуінің** үлкен маңызы бар. Жіктеуге мыналар негіз болады:

-Шартқа қатысушылардың сандық құрамына байланысты: екі тарапты және көп тарапты. Екі тарапты шарттар, өз кезегінде әр тарапта бір қатысушы болатын әдеттегі екі тарапты шарттарға және бір тарабында да, екінші тарабында да бірнеше қатысушылары бар шарттарға бөлінеді. Көп тарапты шарттардың ішінде қатысушыларды шектеулі шарттар (топтық немесе шектелген деп аталатын) және жалпы (әмбебап) шарттар болатынын айыра білу керек.

- Халықаралық шарт объектілерінің түріне байланысты: саяси, экономикалық, арнайы мәселелер бойынша. Шабуыл жасамау туралы, дипломатиялық және елшілік қатынастарды орнату жөніндегі, аумақтық мәселелер жөніндегі шарттар және т.б. саяси шарттарға жатқызылады. Экономикалық мәселелер жөніндегі шарттар санатына тауар жеткізілімі және тауар айналымы жөніндегі, есептік-несиелік шарттар, өндірістік меншікті қорғау туралы, қосарланған салықтан құтылу үшін шарттар және т.б. жатқызылады. Арнаулы мәселелер жөніндегі халықаралық шарттар көлік, ауыл шаруашылық, ғылым және мәдениет, денсаулық сақтау, құқықтық мәселелер көлемінде жасалады.

- Халықаралық шарттарды жасайтын органдарға байланысты шарттар мемлекетаралық, үкіметаралық, ведомствоаралық болып бөлінеді. Қазақстан Республикасы Президентінің «Халықаралық шарттарды жасасу, орындау және күшін жою тәртібі туралы» заң күші бар Жарлығының 3-бабына сәйкес, халықаралық ұйымдар шетелдік мемлекеттер мен Қазақстан Республикасының атынан мемлекетаралық шарттарды жасайды; үкіметаралықты – Қазақстан Республикасының Үкіметі атынан; ведомствоаралықты – Қазақстан Республикасының министрліктерінің, мемлекеттік комитеттерінің және өзге де орталық атқару органдарының, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей есеп беретін және бағынатын мемлекеттік органдардың атынан жасайды.

- Халықаралық шарттың жасалатын мерзіміне байланысты мерзімді және мерзімсіз шарттар болады. Халықаралық шарттың қорытынды ережелерінде қандай да бір шарттың әрекет ету мерзімі келісіледі. Мысалы, конвенциялық

шарт ережелері, әдетте, мерзімсіз болады. Тауар жеткізілімі, лизинг мерзімдеріне байланысты экономикалық шарттар мерзімді халықаралық шарттарға жатқызылады.

- Заңдық салдарына, ұлттық заңдардың өзгеруіне байланысты халықаралық шарттарды өзі орындалатын және өзі орындалмайтын халықаралық шарттар деп бөледі. Егер мемлекетте халықаралық шарт ұлттық заңдарды қосымша, нақтылайтын норма қабылдамай-ақ қолданылатын болса, онда ол өзі орындалатын болып есептеледі. Мұндай санатқа, әдетте қаржылық мәселелерге байланысты Қазақстан қатысатын шарттар жатқызылады. Өздерінің мәні бойынша шарттар халықаралық болып есептеледі, олардың реттейтін қатынастарына әсер ету нысаны бойынша өздері орындалатын болады, өйткені Қазақстандағы қаржылық заңдарда олар имплементтелмеген. Алайда, осы заманғы шарттық тәжірибеде олар кездесіп қалады. Мәселен, халықаралық бухгалтерлік есеп аясындағы, салық салу, инвестициялық қызмет, қаржылық қызмет көрсету, бәсекелестік ережелеріндегі шарттар. Әрекеттегі ұлттық заңнамағы өзгерістер енгізуі тиіс шарттық ережелер өздері орындалмайтын болып есептеледі.

Халықаралық шарттарды жіктеу үшін ұсынылған негіздертолық көлемде емес және оның қолданбалық маңызына қарағанда теориялық маңызы анағұрлым көбірек.

Халықаралық құқық субъектілерінің арасында өзара келісілетіннің барлығы халықаралық шарттың объектісі немесе заты болып табылады. Ол материалдық және материалдық емес құндылықтар, әрекет немесе әрекетсіздік болуы мүмкін. Халықаралық, сонымен қатар ішкі мәселелелер де халықаралық шарттардың объектілері болуы мүмкін, оларды шешу шарттық процестің барлық қатысушылары үшін мүдде болады. Шарттық тәжірибеде халықаралық құқықтың барлық негізгі қағидаларының орындалуы міндетті. Мысалы, егер халықаралық құқық субъектілері мемлекеттік шекараларда делимитациялау және демаркациялау туралы шартқа қол қойса, онда мұндай жағдайда аумақтық тұтастық қағидасы мен шекаралардың қол сұғылмайтындығы қағидаларын орындау басты орында болады. Шарттық процеске қатысушылар экономикалық келісім ережелерін талқылаған кезде, олардың назары өздеріне жүктелген міндеттемелерді адал орындау қағидасына, туындаған дауларды бейбіт түрде реттеу қағидасына, мемлекеттердің ынтымақтасу қағидаларына аударылады. Егер шарттық ережелер адамның құқықтары мен бостандықтарын қорғау мәселелеріне қатысты болса, онда мемлекеттер өздеріне адамның құқықтары мен негізгі бостандықтарын қорғау мәселелеріне қатысты болса, онда мемлекеттер өздеріне адамның құқықтары мен негізгі бостандықтарын құрметтеу қағидасына, халықтардың тең құқықтылығы мен өзін-өзі басқару қағидасына сәйкес міндеттемелерді алады.

Халықаралық шарт объектісінен оның мақсатын айыра білу керек, яғни ол осындай шарттардың әрекет ету нәтижесінде мемлекеттердің қол жеткізгілері келетін мақсаттары болып табылады. Мақсат әрқашан да нақты сипатта, ол көбіне-көп халықаралық шарттың Кіріспесінде, кейде оның

негізгі бөлігінде көрсетіледі. Басқаша айтқанда, халықаралық шарт объектісі дегеніміз оның мақсатқа жету жолындағы құралы болып табылады. Халықаралық шартты жасай отырып, онда біріккен мақсатты көрсете отырып, келісуші тараптың әрқайсысының жеке мақсаттары да болуы мүмкін.

Кез келген халықаралық шарттың ажырамас қасиеті және оның халықаралық дәстүрден ерекшелігі, мұнда субъектілердің еркі анық көрсетілетіндігінде. Халықаралық құқық субъектілерінің еріктерінің айқын сипатталуына көмектесетін құралдар мен **тәсілдер халықаралық шарттың нысанын** құрайды. Оларға ауызша тұжырымдар және анықтамалар, сондай-ақ шарттың әртүрлі бөліктерінің орналасу арақатынасы мен рөлі, оның құрылымы мен атауы жатқызылады. Белгілі болғанындай, халықаралық шарттар жазбаша, кейде ауызша нысанда жасалады. Мысалы, халықаралық шарттардың құқықтары туралы Вена Конвенциясының шарттық ережелері сауда шарттарының жазбаша да, ауызша да жасалу нысандарын қарастырады.

Халықаралық шарт нысанының маңызды элементтерінің бірі және оның көмегімен субъектілердің ниеттерін айқын көрсететін нәрсе – ол шарттық процестің қатысушылары қолданатын тіл болып табылады. Халықаралық шарт мәтінделеген, сөзбен бекітілген келісім түрінде болуы мүмкін. Халықаралық шарттың қандай да бір міндетті тілі жоқ екенін айтуымыз керек. Белгілі болғанындай, екі тарапты шарттар келісуші екі тараптың білетін тілдерінде жасалады. Екі тараптың тілдерінде жасалған мәтіннің бірдей заңдық күші болады, яғни олар тең. Бұл ереже шарттың қорытынды баптарында жиі көрсетіледі. Кейбір жағдайларда екі тарапты шарттар екі тілде емес, үш тілдегі нұсқада жасалуы мүмкін. Оны тараптардың серіктестерінің тілін білмегендіктен, екі тарапқа да белгілі тілге жүгінумен түсіндіруге болады. Мұндай жағдайда, қарама-қайшылықтар туындайтын болса, бір мемлекеттің тілі келесі тарапқа түсініксіз болса, үшінші тілдегі мәтін түпнұсқалық (аутентикалық) болып есептеледі. Мысалы, Қазақстан Республикасының Балтық елдерімен шарт жасасу тәжірибесінде шарттарды үш тілде жасау кездеседі: қазақ тілінде және шарт жасаушы Балтық елінің бір тілінде – литва, латвия, эстон тілдерінде; үшінші қолданылатын тіл – орыс немесе ағылшын тілдері болады. Халықаралық әмбебап ұйым – Біріккен Ұлттар Ұйымының аясында жасалатын шарттар, әдетте, осы ұйымның алты ресми тілдерінде – орыс, араб, ағылшын, француз, испан және қытай тілдерінде жасалады.

Халықаралық шарт нысанының элементтерінде оның құрылымын, шарттың атауын көрсететін кіріспесін, негізгі және қорытынды бөлімдерін жатқызады. Халықаралық шарт құқығы теориясында шарттың кіріспесі, халықаралық шарттың басқа бөлімдерімен тендей заңдық күші бар ажырамас бөлігі ретіндегі маңызы көпке дейін жоққа шығарылып келді. Алайда, халықаралық шарт құқықтары туралы 1969ж. Вена Конвенциясының 31-бабында шарттық контекстіне кіріспенің де кіретіні анық көрсетілген. Кіріспеде келісуші тараптардың, уәкілеттердің атаулары, дәлелдері және

өкілеттерінің жарамдылығы ғана емес, сонымен бірге шарттың мақсаты да көрсетіледі. Мысалы, БҰҰ-ның 1945ж. Жарғысының Кіріспесінде соғыстың зардаптарынан құтқару, адамның негізгі құқықтарына деген сенімді бекіту, міндеттемелердің әділдігі мен құрметтеуді сақтауға шарт-жағдайлар жасауға көмектесу және т.б. мазмұндалған. Қазақстан Республикасы, Қырғыз Республикасы және Өзбекстан Республикасы арасындағы БҰҰ-ның қамқорлығындағы ұжымдық бітімгершілік батальонын ұйымдастыру және құрту туралы 1995ж. 15 желтоқсандағы Келісімнің Кіріспесінде БҰҰ-ның мүшесі екендігі, барлық әлемде бейбітшілікті сақтау үшін халықаралық қайымдастықтың жоғары жауапкершілігін бөлісу туралы тезис, дағдарыстарды реттеу, соғыс қаупінің алдын алу және т.б. реттеудегі БҰҰ-ның күш салуына тараптардың бірігіп үлес қосуға ұмтылулары ескеріліп өткен.

Халықаралық шарттың орталық бөлігі бөліктерге, тарауларға, баптарға, параграфтарға, тармақтарға, тармақшаларға бөлінеді. Осындай бөліктерге бөлу халықаралық шарттардың мәтінін пайдалануды, әсіресе олар үлкен көлемді болған жағдайда жеңілдетілді. Аталған элементтердің бар немесе жоқ болуы шарттың мазмұнына, қатысушылардың санына, мақсаттарына және өзге де факторларға байланысты, мысалы, жоғарыда аталған 1969ж. Вена Конвенциясы көпжақты шарт ретінде бөліктерге, бөлімдерге, баптарға, тармақтарға, тармақшаларға бөлінеді. 1949ж. Женева Конвенциясы әрекеттегі армиялардағы жараланғандар мен аурулардың жағдайын жақсарту, сондай-ақ теңіздегі қарулы күштердің құрамынан кеме апатына ұшыраған жәбірлеуші адамдардың жағдайын жақсарту туралы мазмұны тарауларға, баптарға, тармақтарға, тармақшаларға бөлінген. Ал дипломатиялық қатынастар туралы 1961ж. Вена Конвенциясы ядролық қаруды таратпау туралы 1968ж. шарттың мазмұнды тек баптарға, тармақтарға, тармақшаларға бөлінген.

Халықаралық қорытынды ережелерінде белгілі болғанындай қол қою, бекіту, қосылу актісі, шарттың заңды күшіне ену күшіне, шарт жасалатын тілдер жөнінде мәліметтер, депозитарийді көрсету және мәтіннің түпнұсқалығы туралы тезис болады.

Халықаралық Шартта қосымша материалдардан, қол қоюдың қорытынды хаттамаларынан, ноталар немесе хаттар алмасудан, реттеу рәсімінің ережесінен тұратын қосымшалар болуы мүмкін. Қосымшаның кіріспеден, негізгі және қорытынды ережелерден өзгешелігі, ол шартта немесе қосымшада тікелей көрсетілсе шарттың ажырамас бөлігі бола алады. Мысалы, БҰҰ-ның 1945ж. Жарғысының 92-бабына сәйкес, Халықаралық Сот Статусы Жарғының ажырамас бөлігі болып табылады. Қазақстан Республикасының үкіметі мен Ресей Федерациясы үкіметі арасындағы «Байқоңыр» кешенін жалға алу туралы 1994ж. 19 желтоқсандағы шарттары бар: визасыз режим мәселелері, кедендік рәсімдеу, тұрмыстық шарт-жағдайлар. Белгілі болғанындай, аумақтық мәселелер жөніндегі шарттарда топографиялық карталар демаркациялық (шекаралық) белгілері бар

қосымшалар; ал халықаралық экономикалық шарттарда – техникалық сандарттары, тарифтері бар қосымшалар болады.

Халықаралық шарттардың нысандарын атау сияқты элементтері де үлкен маңызға ие. Себебі, халықаралық тәжірибеде жасалатын шарттардың саны шексіз, сондықтан кездесіп отыратын шарттардың атауын есептеу қиынға соғады. Көп қолданылатын атаулардың түрлері мынадай: шарт, конвенция, келісім, пакт, хаттама, жарғы, статут, біріккен өтініш, декларация, мазмұндама, хартия, меморандум, регламент, акт, ноталар алмасу және т.б. Бүгінгі таңда халықаралық шарттар атауларының заңдық ерекшеліктері де және мұндай атаулардың көпшілік таныған топтамалары да жоқ. Сонымен бірге, кейбір атаулардың іс жүзінде ұзақ мерзім пайдаланылуы нәтижесінде біршама заңдылыққа ие болатынын да айту өту керек. Мысалы, халықаралық ұйымдарды немесе олардың жеке органдарын құру туралы шарттар жарғылар немесе статуттар деп аталады (БҰҰ Жарғысы, ТМД Жарғысы, Халықаралық Сот Статусы). Көптарапты шарттардың қатысушылары әдетте, өздерінің құқықтары мен міндеттерін конвенция нысанында ресімдейді (Женева Конвенциясы, Гаага Конвенциясы). Қалыптасқан халықаралық тәжірибеде соғыс және бейбітшілік мәселелері, адамның құқықтары мен бостандық мәселелері жөніндегі маңызды шарттық ережелер пактімен белгіленеді (шабуыл жасамау Пактісі, Рерих Пактісі, адам құқықтары жөніндегі Пактілер). БҰҰ-ның халықаралық құқық Комиссиясында шарттардың түрлі атауларын талқылаған кезде ноталар алмасу сияқты атау туралы мәселе қызу талас туғызды. Комиссияның кейбір мүшелері ноталар алмасуды дипломатиялық қызметтің салдары ғана деп есептейді. Алайда, Вена Конвенциясы қатысушылары көпшілік бөлігі ноталар алмасуды халықаралық шартты жасаудың бір тәсілі деп есептеуі керек, себебі осындай алмасу арқылы тараптардың келісімдері ресімделеді деп айтып өтті. Үкімет басшылары мен мемлекет басшылары мемлекет басшыларының өтініштері мен мазмұндамалары сияқты шарттық актілер халықаралық- құқықтық қатынастарды үдемелі орын алуда. Осы заманғы жағдайда оларда маңызды саяси, экономикалық және әскери мәселелер жөніндегі келісімдердің, келіссөз жүргізудің нәтижелері көрініс табады.

Халықаралық шарттар құқықтарының теориялық курсы үшін **халықаралық шарттардың жіктелуінің** үлкен маңызы бар. Жіктеуге мыналар негіз болады:

Шартқа қатысушылардың сандық құрамына байланысты: екі тарапты және көп тарапты. Екі тарапты шарттар, өз кезегінде әр тарапта бір қатысушы болатын әдеттегі екі тарапты шарттарға және бір тарабында да, екінші тарабында да бірнеше қатысушылары бар шарттарға бөлінеді. Көп тарапты шарттардың ішінде қатысушыларды шектеулі шарттар (топтық немесе шектелген деп аталатын) және жалпы (әмбебап) шарттар болатынын айыра білу керек.

- Халықаралық шарт объектілерінің түріне байланысты: саяси, экономикалық, арнайы мәселелер бойынша. Шабуыл жасамау туралы, дипломатиялық және елшілік қатынастарды орнату жөніндегі, аумақтық

мәселелер жөніндегі шарттар және т.б. саяси шарттарға жатқызылады. Экономикалық мәселелер жөніндегі шарттар санатына тауар жеткізілімі және тауар айналымы жөніндегі, есептік-несиелік шарттар, өндірістік меншікті қорғау туралы, қосарланған салықтан құтылу үшін шарттар және т.б. жатқызылады. Арнаулы мәселелер жөніндегі халықаралық шарттар көлік, ауыл шаруашылық, ғылым және мәдениет, денсаулық сақтау, құқықтық мәселелер көлемінде жасалады.

- Халықаралық шарттарды жасайтын органдарға байланысты шарттар мемлекетаралық, үкіметаралық, ведомствоаралық болып бөлінеді. Қазақстан Республикасы Президентінің «Халықаралық шарттарды жасасу, орындау және күшін жою тәртібі туралы» заң күші бар Жарлығының 3-бабына сәйкес, халықаралық ұйымдар шетелдік мемлекеттер мен Қазақстан Республикасының атынан мемлекетаралық шарттарды жасайды; үкіметаралықты – Қазақстан Республикасының Үкіметі атынан; ведомствоаралықты – Қазақстан Республикасының министрліктерінің, мемлекеттік комитеттерінің және өзге де орталық атқару органдарының, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей есеп беретін және бағынатын мемлекеттік органдардың атынан жасайды.

- Халықаралық шарттың жасалатын мерзіміне байланысты мерзімді және мерзімсіз шарттар болады. Халықаралық шарттың қорытынды ережелерінде қандай да бір шарттың әрекет ету мерзімі келісіледі. Мысалы, конвенциялық шарт ережелері, әдетте, мерзімсіз болады. Тауар жеткізілімі, лизинг мерзімдеріне байланысты экономикалық шарттар мерзімді халықаралық шарттарға жатқызылады.

- Заңдық салдарына, ұлттық заңдардың өзгеруіне байланысты халықаралық шарттарды өзі орындалатын және өзі орындалмайтын халықаралық шарттар деп бөледі. Егер мемлекетте халықаралық шарт ұлттық заңдарды қосымша, нақтылайтын норма қабылдамай-ақ қолданылатын болса, онда ол өзі орындалатын болып есептеледі. Мұндай санатқа, әдетте қаржылық мәселелерге байланысты Қазақстан қатысатын шарттар жатқызылады. Өздерінің мәні бойынша шарттар халықаралық болып есептеледі, олардың реттейтін қатынастарына әсер ету нысаны бойынша өздері орындалатын болады, өйткені Қазақстандағы қаржылық заңдарда олар имплементтелмеген. Алайда, осы заманғы шарттық тәжірибеде олар кездесіп қалады. Мәселен, халықаралық бухгалтерлік есеп аясындағы, салық салу, инвестициялық қызмет, қаржылық қызмет көрсету, бәсекелестік ережелеріндегі шарттар. Әрекеттегі ұлттық заңнамағы өзгерістер енгізуі тиіс шарттық ережелер өздері орындалмайтын болып есептеледі.

Халықаралық шарттарды жіктеу үшін ұсынылған негіздертолық көлемде емес және оның қолданбалық маңызына қарағанда теориялық маңызы анағұрлым көбірек.

Бақылау сұрақтары:

1. Халықаралық шарттар белгілері не жатады?
2. Халықаралық шарттарды бекіту сатылары атап беріңіз!

3. Шарттардың күшке ену жолдары айта аласызба?

Әдебиеттер:

1. Сарсембаев М.А. Международно – правовые отношения государств Центральной Азии. Алматы: Галым. 1995. -368с.
2. Сарсембаев М.А. Дипломатическое и консульское право. Алматы: Данекер. 1999.
3. Сарсембаев М.А. Международное право. Алматы: Данекер. 2001. -344с.
4. Сборник международных конвенций. Автор – составитель К.М. Сарсембаев. Алматы: Гылым, Данекер. 1997. -190с.

9 – тақырып. Халықаралық – құқықтық жауапкершілік

Сабақтың мақсатымен міндеттері: жалпы халықаралық құқықтағы құқықтық жауапкершілікке сипаттама беру, жан – жақты қарастыру, негізгі түсініктеріне анықтама беру.

Негізгі сұрақтар:

1. Халықаралық – құқықтық жауапкершіліктің түсінігі мен субъектілері.
2. Халықаралық – құқықтық жауапкершіліктің түрлері мен формалары.
3. Халықаралық – құқықтық жауапкершіліктің мән-жайлары.
4. Жеке тұлғалардың халықаралық қылмыстық жауапкершіліктері.

Бұл санатты ХҚ субъектілері арасындағы қатынастардың ерекше нысаны ретінде қарастыруға болады, оның барысында ХҚ нормаларын бұған бір тараптың (немесе бір неше тараптың) екінші тарап (тараптар) алдындағы оған келген шығынның орнын толтыру, бұрынғы болған жағдайларды қалпына келтіру, жауапкершіліктің материалдық емес басқа түрлерін мойнына алуы жөніндегі міндеттері жүзеге асырылады. Сырт қарағанда, бұл анықтама қарапайым болғанымен, бұл ұғымды көптеген аспектілер мен қиындықтар бар.

Халықаралық – құқықтық жауапкершіліктің (әрі қарай ХҚЖ) мақсаттық міндеті туралы мәселе даулы болып келеді: үстем пікірлерге сәйкес, оның негізгі міндеті залалдың орнын толтыру, басқа тараптың өзгедей талаптарын қанағаттандыру деп танылады. Туынды ретінде ХҚЖ-ның алдын – алу міндеті қарастырылады. ХҚЖ – ға қатысты жазалау міндеті тікелей даулы болып табылады. Бұл тұрғыда екі аспектіні айта кеткен жөн:

1) соңғы міндет шеңберінде әрі қарай ойластыра отырып, біз құқығы бұзылған тараптың құқық бұзушыға қатысты бір жақты мәжбүрлеу актісін (санкция) жасауына құқық беру туралы тұжырымға келдік.

2) ХҚЖ – ның жазалау міндеті жайында біз тек жоғарыда келтірілген ойлар тұрғысынан ғана айта аламыз. Пинциптік тұрғыда ХҚЖ-да жазалаушылық сипат жоқ.

ХҚЖ- ның түрлері мен нысандары.

ХҚЖ –ның материалдық емес мынадай нысандары қарастырылады:

А) сатисфакция – бұзушы субъект тарапынан болатын біржақты акт, онда құқығы бұзылған субъектінің талабын моральдық қанағаттандыруға ұмтылыс болады. Бұл: кешірім сұрау, мұндай бұзушылықты келешекте болдырмау жайында мәлімдеме жасау, т.б.

Б) репрессалия – бұл құқығы бұзылған субъект тарапынан бұзушы субъектіге қатысты қолданылатын біржақты актілер. Бұған ұқсас «реторсия» деген ұғым бар. Бұл нысандарда қайшылық сипат бар, олардың өзара айырмашылығы мынада: реторсия дегеніміз қырын қабақ сипаттағы әрекеттерге қарсы жасалатын әрекеттер, бірақ оларды жасағанда халықаралық құқық бұзылмайды (мысалы, белгілі бір адамды төтенше және өкілетті елші етіп тағайындауға агреман беруден бас тарту осы қызметке басқа кандидатураны ұсынуды реторсия ретінде ұзақ мерзімге қалдыруы мүмкін). Репрессалия – халықаралық құқықты бұзатын іс - әрекеттерге қатысты қарсы қолданылатын әрекеттер (мысалы, қарулы агрессия актісіне қарсы жауап).

ХҚЖ-ның материалдық және материалдық емес түрлерінің аралыңғында орналасқан формаға ресторация жатады, ол ХҚ бұзылғанға дейінгі күйді қалпына келтіру міндеттілігі, мысалы басқа мемлекеттің ішкі теңіз суларына заңсыз кірген әскери теңізкемелерін алып кету міндеті. Мұндай міндет қандай да бір материалдық шығынға келтіреді.

ХҚЖ – ның материалдық түрі өз кезегінде мынадай нысандарды қарастырады:

- өтемақы (оны тағы репарация деп атайды) – негізінен залалдың орнын ақшалай толтыру. Бұл тұрғыдан алғанда, Грекия Жоғарғы сотының (ареопаг) гректердің бірнеше ауылының тұрғындарына қатысты екінші дүниежүзілік соғыс кезінде келген залал үшін Германияның қаржылық жауапкершілігі жөнінде 2000 жылғы шешімі бір жағынан қызық та, екінші жағынан даулы болып табылады;

- реституция – келтірілген мүлікті зиянды сол түрінде қайтару, мысалы, А мемлекет Б мемлекетімен шекаралас аймақта адам мумиясы тауып, оны өз еліндегі тиісті мұражайға қояды, бірақ кейін ол мумия табылған жердің Б мемлекетінің аумағына кіретіні анықталады, яғни ХҚ – тың бұзылғаны анықталады. Бұл жағдайда А мемлекеті тауып алған мумияны Б мемлекетіне қайтарып беруге тиіс;

- субституция – келтірілген мүліктік зиянды мүлік заңсыз жойылып немесе бүлініп кеткендіктен, алмастырып, заттай қайтару, оған мысал ретінде жоғары айтылған мумияны алуға болады. Егер мумия тасымалдау кезде немесе басқа бір себептермен қайтаруға жарамайтындай болып бүлінсе, А мемлекеті оның орнына Б мемлекетіне соған ұқсас басқа мумия береді.

Бақылау сұрақтары:

1. Халықаралық – құқықтық субъектілері кімдер жатады?.
2. Халықаралық – құқықтық жауапкершіліктің түрлері мен формалары атап бер!
3. Жеке тұлғалардың халықаралық қылмыстық жауапкершіліктері туралы не айтасыз?

Әдебиеттер:

1. Бельсон Я.М. Интерпол в борьбе с преступностью. М., Наука. 2009. 239с.
2. Сафанова О.Н. соотношение международного права и национального права Республики Казахстан. Алматы: Данекер. 2002.
3. Сборник международных конвенций. Автор – составитель К.М. Сарсембаев. Алматы: Гылым, Данекер. 1997. -190с

10 – тақырып. Халықаралық қылмыстық құқық

Сабақтың мақсаты мен міндеті: халықаралық құқықта қылмыстық құқық нормаларымен танысу, халықаралық қылмыстра үшін жауапкершіліктермен жазалардың түрлеріне сипаттама беру.

Негізгі сұрақтар:

1. Халықаралық қылмыстық құқықтың түсінігімен қайнар көздері
2. Халықаралық қылмыстар мен қылмыстар
3. Қылмыстар үшін жауапкершілік
4. Қылмыстық істер бойынша жәрдем көрсету.
5. Қылмыстық полицияның халықаралық ұйымдасуы.

Қылмыстық проблемасы бүгінгі таңға дейін әрбір мемлекеттің ішкі ісі деп есептеліп келді. Бірақ ұлттық қылмыстылықпен күресу жағдайы қазіргі уақытта жекелеген мемлекеттерге ғана емес, бүкіл адамзатқа қауіп төндіретін қылмыстардың өсуімен күрделеніп, мемлекеттердің бірлесіп күресуін және күнделікті өзара ынтымақтасуын талап етеді. Мұндай ынтымақтасуды бірқатар факторлар қажет етеді.

1-ден, халықаралық қылмыстылықтың тұрақты өсуі, халықаралық терроризм, әуе көлігіндегі қылмыстар, заңсыз есірткі айналымы, қару – жарақ контрабандасы және басқа қылмыстар кеңінен қанат жайып келеді.

2-ден, қылмыстар жетік әрі шебер тәсілдерімен жасалатындықтан, оларды бір мемлекеттің күшімен ашу қиындық туғызып отыр.

3-ден, шекарамен шектелмейтін ұлтаралық қылмыстық қауымдастықтар пайда болды. Олар өте жақсы ұйымдасқан, әрі әр түрлі елдерде өз «өкілдерін» орнықтырып, қомақты қаржы және техникалық мүмкіндіктерді иеленіп, құқық қорғау ұйымдарымен қылмыстық байланыстар орнатады.

Мемлекеттердің халықаралық қылмыстылықпен күресудегі ынтымақтасуының екі түрін бөліп көрсетуге болады. Олар:

1. Шарттық – құқықтық немесе арнайы келісімдерді (конвенцияларды) бекіту арқылы болатын конвенциялық тетік.
2. Халықаралық ұйымдар арасындағы институциялық тетік.

Мемлекеттердің халықаралық қылмыстылықпен күресудегі ынтымақтыстығының негізгі нысандары:

- мемлекеттер арасында арнайы келісімдер бойынша бекітілген қылмыстардың алдын алу мен ескерту;
- бас бостандығынан айырылғын, сотталған тұлғаларды жазасын өтеу үшін өзі азаматы болып табылатын мемлекетке немесе тұрғылықты жеріне беру;

- басқа мемлекеттің ұйымдарына шартты түрде босатылған құқық бұзушыларға қадағалауды беру;
- басқа мемлекетке немесе халықаралық ұйымға қылмыстық құдалауды жүзеге асыру үшін қылмыскерлерді беру;
- бір мемлекет азаматтарына қатысты сот төрелігі басқа елде жүзеге асқанда олардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау;
- қылмыстылықтың себебі мен басқа да мәселелерін бірлесіп зерттеу, сондай-ақ, полициелік және басқа органдардың қызметі жөнінде тәжірбие алмасу.

ХҚ қабылданған топтамаға сәйкес мыналарды ажырата білу керек: 1. халықаралық қылмыстар және 2. Халықаралық сипаттағы қылмыстар. Алғаш рет халықаралық қылмыстардың тізімі 1945 ж. Халықаралық әскери трибуналдың жарғысында бекітілген. Халықаралық әскери трибунал жарғысының 6-бабында халықаралық қылмыстар 3 топқа топтастырылған:

1. бейбітшілікке қарсы қылмыстар – басқыншылық соғысты жоспарлау, дайындау, бастау немесе жүргізу, соғысты халықаралық шарттарды, келісімдерді бұзу арқылы жүргізу;
2. әскери қылмыстар - әскери заңдар мен әдет – ғұрыптарды бұзушылықтар. Кісі өлтіру, жаулап алынған аймақтағы бейбіт тұрғындарды қорлау немесе құлдыққа әкету, әскери тұтқындарды өлтіру немесе қорлау, кепілге алынғандарды өлтіру, қоғамдық немесе жеке меншікті тонау, және т.б.;
3. адамзатқа қарсы қылмыстар – кісі өлтіру, соғысқа дейінгі кезеңде немесе соғыс кезеңінде бейбіт тұрғындарға қатысты қырып-жою, құлдыққа айналдыру, жер аудару және басқа да қатігездіктер; саяси, діни немесе нәсілдік себептер бойынша құдалау және т.б.

Халықаралық қылмыстарға геноцид, апартеид, нәсілшілдік, отаршылдық, экоцид, биоцид т.б. жатады.

Халықаралық сипаттағы қылмыстар үшін жауаптылық халықаралық келісімдердің негізінде туындайды. Жазаны қылмыскерлерге ұлттық соттар тағайындайды.

Халықаралық сипаттағы қылмыстарды халықаралық қауіптілік дәрежесі мен қылмыстық қол сұғушылықтың объектісіне байланысты шартты түрде мынадай негізгі топтарға бөледі:

1. халықаралық қатынастардың тұрақтылығына қарсы қылмыстар. Терроризм, кепілге алушылық, әуе кемесіндегі қылмыстар, ядролық материалды ұрлау, заңсыз радиохабарларды тарату т.б.;
2. мемлекеттердің экономикалық және әлеуметтік дамуына нұқсан келтіретін қылмыстар. Жалған ақша жасаушылық, есірткі және психотропты заттармен жасалынатын заңсыз операциялар, контрабанда, заңсыз эмиграция, қоршаған ортаға, мәдениет құндылықтарына қылмыстық қол сұғушылық;
3. Адамның жеке құқықтары мен бостандықтарына қылмыстық қол сұғатын қылмыстар: құлдық, құл саудасы, әйелдер мен балалар саудасы, порнографияны тарату, қинау;
4. теңізде жасалатын қылмыстар: қарақшылық, суасты кабелін немесе құбырын бұзу, зақымдау, теңіз кемелерінің соқтығысуы, теңізде көмек көрсетпеу, теңізді зиянды заттар мен ластау, континеттік қайраң мен ерекше

экономикалық аймақтың құқықтық режимін бұзу, теңізде балық аулау ережелерін бұзу т.б.

Бақылау сұрақтары:

1. Халықаралық қылмыстық құқықтың қайнар көздерін ата!
2. Халықаралық қылмыстарға қандай жауапкершіліктер ұсынылады.
3. Қылмыстық полицияның халықаралық ұйымдасуы қалай жүзеге асырылады?

Әдебиеттер:

1. Бельсон Я.М. Интерпол в борьбе с преступностью. М., Наука. 2009. 239с.
2. Сафанова О.Н. соотношение международного права и национального права Республики Казахстан. Алматы: Данекер. 2002.
3. Сборник международных конвенций. Автор – составитель К.М.
4. Сарсембаев. Алматы: Гылым, Данекер. 1997. -190с

11 – тақырып. Халықаралық ұйымдар құқығы

Сабақтың мақсаты мен міндеті: халықаралық ұйымдар туралы жалпы сипаттама беру.

Негізгі сұрақтар:

1. Халықаралық ұйымдардың түсінігі мен қайнар көздері
2. БҰҰ: жарлығы, мақсаты, қағидасы, мүшелілігі.
3. БҰҰ органдар жүйесі
4. Аймақтық халықаралық ұйымдар.

Халықаралық ұйымдар халықаралық құқықтың қосымша субъектілерінің қатарына жатқызылады. Олар мемлекетпен бірге доктриналық, сондай-ақ конвенциялық тәртіпте халықаралық құқықтың субъектілері болып есептеледі. Халықаралық-құқықтық әдебиеттерде мемлекеттер мен халықаралық ұйымдардың өзара ықпалдасуының ең күрделі проблемасын – мемлекеттік тәуелсіздік пен үкіметаралық ұйымдардың күзіретіндегі мемлекеттен тыс белгілердің арақатынасындағы мәселе ретінде көрсетілед.

Мемлекеттің тәуелсіздік проблемалары мемлекеттің және халықаралық ұйымдар күзіреттерінің арақатынасындағы мәселелермен айқындалады, яғни бұл мемлекеттің халықаралық ұйымға өз күзіретін ішінара беруі арқылы немесе оған белгілі бір міндеттерді атқаруына мүмкіндік беруі бойынша түсіндіріледі. Халықаралық ұйымдар мемлекеттердің бірлескен ынтымақтастығының көп жақтылы нысаны болып табылады; оны мемлекеттер тиісті жағдайларда құрады және ол халықаралық қатынастардың қажеттіліктерінен туындап отырады. Мұнда баса айтатын бір мәселе, халықаралық ұйымдардың құқық субъектілігі мүше-мемлекеттердің еркін білдіруіне, осы ұйымдардың мақсаттарына, күзіретіне, уәкілеттіктеріне, органдарының құрылымына, қабылданатын шешімдердің заңдық салдарына тікелей тәуелді болып келеді.

Ұйым Жарғысының заңды күшіне енуі белгілі бір құқықтық салдарды қамтамасыз етеді. Мәселен, халықаралық құқықтың жаңа субъектісі пайда болады ол өзін құрған мемлекеттен өзгеше сипатпен анықталады. Дегенмен халықаралық ұйым халықаралық құқықтың негізгі субъектілеріне тән маңызды ерекшелігіне – мемлекеттер, ұлттар мен халықтар өз тәуелсіздігін – дербестігін қорғап, күресу ерекшелігіне ие бола алмайды. Мемлекет кез келген халықаралық ұйымға кірген кезде өзінің тәуелсіз құқықтарын жүзеге асырады. Бірақ мұндай жағдайда мемлекет пен ұлттық ұйымдардың байланысу сипаттары мемлекеттің тәуелсіздігін толық шектейді деген ұғым туындамауы керек. Тәуелсіздік – бұл мемлекеттік биліктің күрделі саяси-заңдық сипаты, ол құзіреттердің саяси режимі, билік тетігі сияқты құқықтық институттар арқылы жүзеге асырылады. Халықаралық ұйымдардың жарғыларында бір белгі – құзіреттер бойынша ғана шектеу қойылады (Халықаралық Даму және қайта құру Банкінде, Халықаралық Валюта Қорында – бұл экономикалық мәселелер, БҰҰ-ның Қауіпсіздік Кеңесінде – бейбітшілік пен қауіпсіздікті қолдану мәселелері).

Халықаралық Ұйым – халықаралық қатынастарды халықаралық-құқықтық реттеу жүйесіндегі қажет нақты объективті құбылыс. Халықаралық тәжірибеде халықаралық ұйымдардың қызметіне және оның көптеген бағыттары бойынша әрі қарай дамуына әсерін тигізетін факторлар мен жағдайлар жүйесі болады. Олар мынадай: шаруашылық қызметін интернационалдау; ғылыми-техникалық процесс; осы заманғы маңызды проблемалардың ғаламдық сипаты.

Халықаралық ұйымдар мемлекеттер мен халықаралық құқықтың өзге де субъектілері арасындағы халықаралық ынтымақтастықтың маңызды құқықтық нысанының біреуі болып табылады. Осы заманғы ғаламдық проблемаларды қарастыру халықаралық ұйымдардың қызметінде бара-бара өзекті мәселеге айналып келеді. Халықаралық ұйымдардың тәуелсіз мемлекеттермен қатар, халықаралық қатынастарды халықаралық-құқықтық реттеуде айтарлықтай рөл атқаратыны жалпыға мәлім.

XIX ғ. ортасында қоғам дамуының табиғи қажеттіліктері тұрақты әрекет ететін, халықаралық әкімшілік одақ деп аталатын халықаралық ұйымдардың пайда болуына себеп болды. Халықаралық ұйымдардың қазіргі дәуірдегі дамудың кейбір заңдылықтары бар. Олар: алуан түрлі қоғамдық құрылымды мемлекеттердің бейбіт қатар өмір сүруі, отарлық жүйенің күйреуі, шаруашылық, саяси, ғылыми және мәдени өмірдің интернационалдануы, сондай-ақ тәуелсіз мемлекеттердің өмір сүруі.

Халықаралық ұйымдардың құрылуының объективті негізі бар және ол әлемдік бірлестіктің шынайы қажеттіліктерінен туындайды. Олар халықаралық ұйым аясында құқықтық реттеудің тұтас шегінде, халықаралық ұйым аясында құқықтық ықпал етудің арнайы әдісінен басқа ешнәрсе де емес. Халықаралық ұйым құқықтарын халықаралық құқықтың дербес саласы ретінде бөліп шығару мәселесінде олар белгілі бір рөл атқарады.

Халықаралық ұйымдардың құқығы күрделі нормативтік құрылымға ие. Жалпы халықаралық құқықтың қағидалары, *jus cogens* қағидаларын бейбіт қатар өмір сүру, мемлекеттік тәуелсіздікті құрметтеу, мемлекеттердің тең құқықтылығы және бір-бірінің ішкі істеріне қол сұқпау қағидаларын, сонымен қатар халықаралық ұйымдардың құқықтарының қағидалары да жатады. Мәселен, аталған қағидалардың көпшілігі БҰҰ жарғысындағы 2-баптың мазмұнына сәйкес келеді. Онда нақты халықаралық ұйым қызметінің қағидаларын айқындалған. Көпке дейін халықаралық шарттар құқықтарының теориясында 2 түрлі тенденция өмір сүріп келді:

- халықаралық ұйым құқықтарының мәліметтері; бұл тұжырымдаманың жақтастарының көзқарастары бойынша БҰҰ-ның төтенше құқықтарына жалпы халықаралық құқықтан бөлек әрекет ететін жаңа құқық кіреді;
- халықаралық ұйымдар құқықтарының ұғымы, БҰҰ-ның құқықтары деген ұғымнан әлдеқайда кең, сондай-ақ осы құқықтың жалпы халықаралық құқықтан бөлінуін және оның жалпы халықаралық құқықпен қатар әрекет ету мүмкіндігін мойындау.

Байқап отырғанымыздай, бұл тұжырымдаманың екеуін де қазіргі заманғы халықаралық құқықтың ғылыми жүйесі қабылдай алмайды.

Халықаралық ұйымдар құқығы -халықаралық ұйымдардың қызметтерін және құқықтық мәртебесін, пайда болу мәселелерін реттейтін қағидалар мен нормаларды біріктіретін осы заманғы халықаралық құқықтың бір саласы.

Көп жағдайда халықаралық ұйым құқығы халықаралық құқықтың бір саласы ретінде танылады. Сонымен қатар, баяғы қалпынша халықаралық-құқықтық жүйенің ішкі құрылымының проблемалары шешілмеген, оның ішінде бұл жүйедегі халықаралық ұйымдардың құқықтарының алатын орны әлі айқындалмаған. ХІХғ. ортасында тұрақты әрекет ететін халықаралық ұйымдар пайда болғанға дейін мемлекетаралық тікелей байланыстар халықаралық қатынастардың негізгі түрі болып келеді. Кейінірек, халықаралық ұйымдардың пайда болуына орай, халықаралық ұйымдардың шеңберінде халықаралық қатынастар пайда болды, олар:

- мемлекеттердің халықаралық ұйым мүшелері есебінде өзара байланыстар;
- мүше мемлекеттердің халықаралық ұйымдармен қатынасы;
- халықаралық ұйым органдарының өзара қатынасты;
- ұйымдардың мүшелері емес мемлекеттермен халықаралық ұйымдардың байланыстары.

Жоғарыда атлғандардан басқа, ұйымдардың өзара арақатынастары да пайда болады. Сонымен, жаңа халықаралық қатынастардың пайда болуы оларды халықаралық құқықтың нормаларын арқылы реттеу қажеттілігін негіздеп берді.

Халықаралық құқықта құқықтық реттеудің арнаулы бір пәні пайда болды, ол халықаралық ұйым шеңберіндегі халықаралық қатынастар. Халықаралық ұйымдардың қызмет ету процесінде нормативтік база

құрылады. Халықаралық ұйымдардың қатысуымен шарт құқығының қалыптасқанын көрсетеді.

Құқық ғылымынды құқықтың салалануының өлшемі ретіндегі құқықтық реттеу тәсілдерінің рөлі жөнінде бірнеше көзқарастар өмір сүріп келеді. Бұдан сала жүйелерінің ішкі құрылымын айқындау қажеттілігі туралы мәселе туындайды. Халықаралық-құқықтық реттеу әдістерінің мазмұнын қарастыра отырып, біз бұл әдістің құқықтық қатынасқа қатысушылардың теңдік жағдайында, міндеттемелерді ерікті түрде қабылдауы және құқықтарды күштеу элементтерінсіз, тараптардың келісуі жолымен құқықтарының орнатылуымен сипатталатыннан көреміз.

Халықаралық ұйымдардың жұмыс істеуі, олардың органдарының әр түрлі қызметтері белгілі бір құқықтық тәртіп орнатуға негізделеді. Халықаралық құқық жүйесінде халықаралық ұйымдардың құқықтарынан тыс бірде-бір салада құқықтық реттеу әдістерінің мұндай ерекшелігі жоқ екенін ескерсек, бұл саланың дербес сала жағдайында тұрғанын атап айтуға болады.

Халықаралық ұйымдардың халықаралық құқықтың туынды субъектісі болғандықтан, мемлекеттің әр түрлі әлеуметтік-экономиклық құрылымдармен ынтымақтастығын қамтамасыз етеді, осы заманғы ғаламдық проблемаларды шешеді. Халықаралық ұйымдардың дамуы олардың халықаралық құқық субъектілігін алуымен тікелей байланысты. Халықаралық ұйымдар нормашығарушылық, жүйелеушілік және бақылау қызметтерін жүзеге асырады. Аталған қызметтерді жүзеге асыру халықаралық ұйым қызметтерін халықаралық-құқықтық реттеу тетігіне ықпал етуді қамтамасыз етеді.

Халықаралық ұйымдар нормашығарушылық процеске қатыса отырып, халықаралық-құқықтық санкцияларды пайдаланады. Ол халықаралық құқықтың туынды субъектілерінің құқықты пайдалану процесіндегі рөлінің күшейгенін көрсетеді.

Халықаралық ұйымдардың даму процесі ішкі ұйымдастыру тетігінің дамығанын және жақсарғанын қуаттайды. Сөйтіп, халықаралық ұйым өзінің заңдық табиғаты бойынша мемлекеттің ынтымақтастық органы болып табылатындықтан, ұйымның қызметін өз мақсаттары үшін кейбір белгілерін жетілдіре отырып пайдаланады. Бұған мысал ретінде халықаралық ұйымдардағы дауыс беру рәсімінің эволюциялық дамуын айтуға болады. Мәселен, Ұлттар Лигасына мүше мемлекеттер БҰҰ жүйесінде бірауыздан шешім қабылдау қағидасынан дауыстың көпшілігіне қарай ойысты, ал кейінірек халықаралық ұйымдарға дауыс беру тәртібінің *консенсус* сияқты кеңінен таралған түрі қолданыла бастады. *Консенсус – шешімдерді дайындау мен қабылдау рәсімі, оған мүше мемлекеттердің позициясын дауыс бермей-ақ үйлестіру және қабылданатын шешімдерге толықтай алғанда қарсылықтардың болмауы тән.*

Ұйымдардың арасындағы өзара әрекеттердің нысандары мен әдістері бара-бара түрленіп, белсенді болып келеді. Халықаралық ұйым құқығы саласының нормативтік базасы кеңеюде. Халықаралық ұйым халықаралық құқықтың субъектісі болғандықтан, құқықтық нормалар шығарады. Бұл

ұйымның бірінші нормашығарушылық қызметі болып табылады. Ал, екінші түріне квазинормашығарушылық қызметі жатады. Бұл жағдайда халықаралық ұйым құқықтық норма шығармайды, алайда нормашығарушылық қызметті:

- халықаралық ұйымдардың қатысуымен жасалатын шарттар;
- халықаралық ұйымдардың нормашығарушылық процесіне тікелей қатысуы;
- халықаралық ұйымдардың жүйелеу және бақылау қызметтерін жүзеге асыруы;
- халықаралық-құқықтық санкцияларды қолдану жолы арқыл қамтамасыз етеді.
- Халықаралық ұйымдардың қатысуымен жасалатын шарттар.

Қазіргі таңда, халықаралық ұйымдардың шарттық тәжірибесі қалыптастырған нормалар саны өсіп келе жатқаны байқалады. Осындай жағдайда мемлекеттер халықаралық құқықтың негізгі субъектілері бола отырып, халықаралық құқықтың қосымша субъектілерінің шарттық тәжірибелерінің маңызы артып келе жатқанын ескермеуі мүмкін емес. Халықаралық құқық комиссиясы 12 жыл (1970-1982жж.) көлемінде мемлекеттер және халықаралық ұйымдар арасындағы немесе халықаралық ұйымдар арасындағы шарттардың құқықтары туралы конвенцияның жобасын дайындады. Халықаралық шарттардың құқықтары туралы 1969ж. Конвенцияда «Халықаралық ұйымдардың шарт жасаудың құқық қабілеттілігін» айқындайтын бап бар. Конвенциялық нормаға сәйкес, бұл құқық қабілеттілік осы ұйымның тиісті ережелерімен реттеледі.

◆ Халықаралық ұйымдардың нормашығарушылық процеске тікелей қатысуы.

БҰҰ-ның мамандырылған мекемелерінің Жалығындағы тиісті баптарды сараптағанда, аталған мамандандырылған мекемелердің халықаралық конвенциялардың, келісімдердің және регламенттердің жобаларын қабылдау құқығына ие екенін білуге болады. Мұндай норма шығару процесінің мақсаты – лардың тиісті құзіреттері аясында тиімді халықаралық ынтымақтастықты қамтамасыз ету. Бұған екі түрлі жолмен қол жеткізуге болады: көп тарапты конвенциялар мәтінінің халықаралық ұйымдардың аясында және бақылауында қабылдануы, сондай-ақ халықаралық әкімшілік және техникалық регламенттерді қабылдау.

◆ Халықаралық ұйымдардың жүйелеу және бақылау қызметтерін жүзеге асыруы.

БҰҰ жарғысының Кіріспесінде ұйымдардың басты міндеттерінің бірі «шарттар және халықаралық құқықтың өзге де қайнар көздерінен туындайтын міндеттерді әділ бағалау және құрметтеу сақталуы үшін жағдай жасау» керектігі бекітілген. Халықаралық ұйымдардың жүйелеу және бақылау қызметтері осы міндеттерді орындауға бағытталады.

◆ Халықаралық – құқықтық санкцияларды қолдану жолы.

Соңғы кездері халықаралық құқық нормаларын сақтауды мәжбүрлеп қамтамасыз етуде халықаралық ұйымдардың рөлі өсіп келеді. Халықаралық ұйымдардың мұндай санкциялары шарттың құрылтай құжаттарының нормаларында, олардың органдарының қаулыларында болуы мүмкін. Санкцияларды қолдануды құқықтық мәжбүрлеудің әр түрлі шаралары қамтамасыз етеді. Мысалы, көбірек қолданылатыны мыналар:

1. Халықаралық ұйымдардың құрылтай құжаттарында көрсетілген құқықтар мен артықшылықтарды тоқтату;
2. БҰҰ-ның мамандандырылған мекемелерінің органдарының жұмысына қатысудан, халықаралық ұйымның қатысуымен жасалатын шарттардың арнайы мәселелері бойынша ынтымақтастықтан шығарып тастау.

Халықаралық ұйым – бұл белгілі бір міндеттерді орындау үшін халықаралық шарт негізінде құрылған, тұрақты әрекет ететін органдар жүйесі бар, халықаралық құқық субъектілігіне және халықаралық құқық нормалары мен қағидалары негізінде құрылған мемлекеттердің тұрақты бірлестігі.

Халықаралық ұйымдардың белгілері мынадай:

- халықаралық құрылтай шартының болуы;
- белгілі бір мақсаттарының болуы;
- тиісті ұйымдық құрылымы; тұрақты органдары мен штаб-пәтерлер жүйесі;
- мүше-мемлекеттердің құқықтары мен міндеттерінен басқа дербес құқықтары мен міндеттері;
- халықаралық құқықтық нормалар мен қағидаларына сай құрылуы;
- үш және одан да көп мемлекеттердің мүше болуы.

Халықаралық ұйымдардың жіктелуі көптеген қиыншылықтарға байланысты. Біріншіден, бір ұйымға берілетін анықтаманың өзіне түрлі жақтан келуге болады. Екіншіден, түрлі ұйымдар бар, олардың маңызды ерекшеліктеріне қарай сан түрлі санатқа бөлуге болады. Жіктеудің негіздеріне мыналар кіреді:

- Мүшелікке қойылатын талаптар:
 - а) үкіметаралық (мемлекетаралық) – мұндай ұйымға мемлекеттер ғана мүше бола алады. Мұндай талапты қолдану құқық субъектілікті анықтаған кезде үлкен маңызға ие (БҰҰ, ХЕҰ, БДҰ, ЮНЕСКО).
 - б) үкіметаралық емес ұйымдарға заңды тұлғалар, қоғамдық ұйымдар (Қызыл Крест пен Қызыл Жарты ай қоғамы, Дүниежүзілік бейбітшілік кеңесі, БҰҰ-ның жәрдемдесу ұйымы).
- Қызмет ету мерзімі:
 - а) *Уақытша* – бұл топқа халықаралық кеңестер, халықаралық конференциялар жатады.
 - б) *Тұрақты* – бұл топқа қазіргі кезде әрекет ететін ұйымдарды – БҰҰ, ТМД, барлық мамандандырылған ұйымдарды жатқызуға болады.

Аталған талаптардың бәрі шартты екенін атап айтқан жөн. Мысалы, Экономикалық Өзара Көмек Кеңесі, Варшава Шарты Ұйымы өздерінің әрекет еткен кезеңдерінде тұрақты халықаралық ұйымдар болған еді.

- Аумақтық қызметтері бойынша:
 - а) *Бүкіләлемдік* – оларға БҰҰ, ЮНЕСКО, Халықаралық Жастар одағы т.б. жатады.
 - б) *аймақтық* – қызмет әрекеті белгілі бір аймаққа таралатын ұйымдар – Араб мемлекеттерінің лигасы, Африкалық бірлік ұйымы, Американдық мемлекеттер ұйымы, ТМД.
- Қызмет түрлері бойынша:
 - а) қызметтүрі шектелмеген ұйымдар – БҰҰ, Араб елдерінің лигасы.
 - б) арнайы мәселелерді шешетін құзіреттері бар Ұымдар – БҰҰ-ның барлық мамандандырылған мекемелері.

Жоғарыда аталған негіздердің толық еместігіне назар аудару керек. Аталмыш негіздерді біздің ойымызша қосымша былай толықтыруға болады: жаңа мүшелерді қабылдау тәртібі бойынша ашық және жабық; қызмет әрекетінің мақсаты мен қағидалары бойынша – құқыққа сай, құқыққа қайшы, қызмет ету аясына қарай – жалпы құзіретті, арнайы құзіретті.

Бақылау сұрақтары:

1. Халықаралық ұйымдардың түсінігі мен қайнар көздер туралы не айтасыз?
2. БҰҰ: жарлығы, мақсаты мен қағидасы не білесіз?

Әдебиеттер:

1. Сарсембаев М.А. Международно – правовые отношения государств Центральной Азии. Алматы: Галым. 1995. -368с.
2. Сборник международных конвенций. Автор – составитель К.М.
3. Сарсембаев. Алматы: Гылым, Данекер. 1997. -190с.
4. Токаев К.К. Организация Объединенных Наций: Полвка служения миру. Алматы: Атамура. 1995. -189с.

12 – тақырып. Қарулы жанжалдарды шешудің халықаралық – құқықтық тәсілдер

Сабақтың мақсаты мен міндеті: халықаралық құқықтағы дау жанжалдар туралы мағлұмат беру, қазіргі кездегі соғыс ошақтарына сипаттама беру.

Негізгі сұрақтар:

1. Қарулы жанжалдар құқығының халықаралық жүйесі
2. Соғыстың басталуы мен оның құқықтық салдары
3. Қарулы жанжалдарға қатысушылардың құқықтық жағдайлары
4. Соғыс жүргізудің тиым салынған әдістерімен тәсілдері
5. Соғыстың аяқталуымен оның нәтежиелері

Бейбіт тәсілдер – мемлекет арасындағы жанжалдар мен келіспеушіліктерді шешудің бірден – бір жолы болып табылады.

Бірінші әлемдік Гаага конференциясында қабылданып, 1907 ж. екінші әлемдік Гаага конференциясында толықтырылған «Халықаралық дауларды бейбіт жолмен шешу жөніндегі» Конвенция халықаралық жанжалдар мен

келіспеушіліктерді бейбіт жолмен шешу жөніндегі алғашқы әмбебап акт болып есептеледі. 1928 ж. 26 қыркүйекте Ұлттар Лигасы қабылдап, 1949 ж. 28 сәуірде БҰҰ Бас Ассамблеясының қарарымен бекітілген халықаралық дауларды бейбіт жолмен шешу жөніндегі жалпы акт қабылданды.

Дауларды бейбіт жолмен шешуге қатысты маңызды ережелер бекітілген БҰҰ Жарғысы да ерекше орынға ие (соның ішінде 33-бап). Бұл ережелердің одан әрі дамуында БҰҰ Бас Ассамблеясының бірқатар қарары мен декларациялары қабылданған, оның ішінде 1982 ж. Дауларды бейбіт жолмен шешу жөніндегі Манила Декларациясы.

Аймақтық келісімдер арасынан 1948 ж. Дауларды бейбіт жолмен шешу жөніндегі америкааралық келісім-шартты алуға болады (Богота пакті), сондай-ақ 1957 ж. Еуропа Кеңесі қабылдаған Еуропа конвенциясы, 1922 ж. қабылдаған СБСЕ шеңберіндегі бітімгершілік және арбитраждық бойынша конвенция, сонымен қатар дауларды бейбіт жолмен шешу ережелерінен тұратын аймақтық ұйымдардың да жарғылары (ЛАГ, ОАГ, ОАЕ, СНГ).

Халықаралық дауларды бейбіт жолмен реттеу тетігі әр түрлі салаларда мемлекеттердің ынтымақтастығын реттейтін бірқатар көпжақты конвенцияларда қарастырылған. Мысалы, 1972 ж. ғарыш объектілері келтірілген зиянға халықаралық жауапкершілік туралы Конвенция және т.б.

БҰҰ жарғысының 33-бабында бейбіт тәсілдерінің келесі түрлері - келіссөз, делдалдық, татуласушылық, бітімгершілік төрелік сот, сотта қарау, аймақтық органға шағымдану және басқа да тәсілдер көзделген.

Тікелей келіссөздер жүргізу дауларды шешудің бейбіт жолдары жүйесінде ерекше орын алады. Жалпы алғанда, келіссөздерсіз ешқандай халықаралық жанжалдар мен дауларды шешу мүмкін емес. Егер келіссөздер келісімге келтірмеген жағдайда тараптар басқа да бейбіт жолдарды қарастырады.

Кеңес беру келіссөздердің түрлері ретінде саналады. Бұл дауларды шешудің жаңа тәсілі ретінде XX ғасырда пайда болды. Кеңес беру факультативті және міндетті болып бөлінеді. Факультативті Кеңес беруге тараптардың әрбір нақты жағдайларда өзара келісімге келуі жатады. Ал келіспеушілік туындаған жағдайда қатысушылардың арасындағы алдын ала келісімде белгіленгее кеңестері міндетті болып табылады.

Халықаралық ұйымдардың жарғылары дауларды бейбіт жолмен шешудің тетіктерін қарастырады. Халықаралық дауларды халықаралық ұйымдар органдырымен қарау саяси тәсілдер арқылы жүргізіледі. Шешімдер ұсыныс сипатына ие.

Халықаралық сот қарауы – дауларды бейбіт жолмен шешудің жаңа тәсіліне жатады. БҰҰ Халықаралық соты халықаралық әділ соттың Тұрақты палатасының мирасқоры. Ол БҰҰ-ның басты органдарының бірі. Оның құрамы БҰҰ жарғысында және Халықаралық Сот мәртебесінде анықталған.

Бақылау сұрақтары:

1. Қарулы жанжалдар реттеудің халықаралық жүйесі айтып беріңіз.

2. Қарулы жанжалдарға қатысушылардың құқықтық жағдайлары қандай болмақ.
3. Соғыс жүргізудің тиым салынған әдістерімен тәсілдері атап беріңіз.

Әдебиеттер:

1. Сарсембаев М.А. Международно – правовые отношения государств Центральной Азии. Алматы: Галым. 1995. -368с.
2. Сарсембаев М.А. Дипломатическое и консульское право. Алматы: Данекер. 1999.
3. Сарсембаев М.А. Международное право. Алматы: Данекер. 2001. -344с.
4. Сафанова О.Н. соотношение международного права и национального права Республики Казахстан. Алматы: Данекер. 2002.
5. Сборник международных конвенций. Автор – составитель К.М. Сарсембаев. Алматы: Гылым, Данекер. 1997. -190с.
6. Токаев К.К. Организация Объединенных Наций: Полвка служения миру. Алматы: Атамура. 1995. -189с.

13,14,15 – тақырыптар. ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ТДМ БҰҰДБ

Біріккен Ұлттар Ұйымының Даму бағдарламасы (БҰҰДБ) - бұл БҰҰ-ның ғаламдық даму желісі, атап айтқанда, қазірдің өзінде 170 елде жұмыс істейтін, кедейлікті жоюға, теңсіздікті азайтуға, сыбайлас жемқорлықпен күресуге және үкіметтің ашықтығын арттыруға көмектесетін ТДМ. Қазақстан жұмысы басталғаннан бері БҰҰДБ-мен бірге құны 200 миллион АҚШ долларынан асатын тақырыптық бағыттар бойынша 200-ден астам жоба жүзеге асырылды. Дәл осы ТДМ үшін БҰҰДБ Қазақстанға көмектеседі:

- 1. Әлеуметтік сенімсіздік пен теңсіздікті жою
- 2. Халықтың үкіметке деген сенімін қалпына келтіру
- 3. Экологиялық тұрақтылықты сақтау
- 4. Жоғары тиімді экономикалық өсуге ықпал ету
- Адамдар кедейшілікті жою, гендерлік теңдік, салауатты өмірді қамтамасыз ету, білім беру
- Планета құрлықтың экожүйелерін және су ресурстарын ұтымды пайдалану, климаттың өзгеруі
- ТДМ бойынша нәтижені барынша арттыру мақсатында олардың сапалы қатысуын қамтамасыз ету үшін мемлекет, азаматтық қоғам, бизнес қоғамдастық, халықаралық ұйымдар және басқа да мүдделі тараптар арасындағы диалогты жалғастыру
- Орталық Азия елдерімен және басқа да халықаралық әріптестермен тиімді өңірлік өзара іс-қимылды қолдау
- Әлем қауіпсіз және бейбіт қоғам, күшті институттар, сот төрелігі
- Серіктестік тұрақты даму мақсатындағы жаһандық серіктестік,

ресурстарды жұмылдыру, технологиялар, әлеуетті арттыру, сауда.